Алғыс айту күні құтты болсын!

Алатау

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 8 (1219)

28.02.2025

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

МЕРЕКЕ

АЛҒЫС АЙТА БІЛЕМІЗ БЕ?

АДАМ БОЛҒАН СОҢ АДАМИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА АРАЛАСҚАН АДАМЫҢА БІР ЕРЕКШЕ ЫҚЫЛАСЫ ҮШІН НЕМЕСЕ САҒАН ЖАСАҒАН ЖАҚСЫЛЫҒЫ ҮШІН АЛҒЫС СЕЗІМІҢДІ ЖЕТКІЗГІҢ КЕЛЕДІ. СОНЫ ҚАЛАЙ АЙТЫП, ҚАЛАЙ ЖЕТКІЗУ КЕРЕК? ПСИХОЛОГИЯДА АЛҒЫС ЖЕТКІЗУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ, ЯҒНИ, ЕРЕЖЕ СИЯҚТЫ ТҮРЛЕРІ БАР ЕКЕН. ОНЫ ОҚЫП ОТЫРСАҢЫЗ БІЗДІҢ ҚАЗАҚИ ОРТАМЫЗҒА ЖАТТАУ КӨРІНЕДІ. МЕНІҢ ОЙЫМША, АЛҒЫС АЙТУ ҮШІН ЕШҚАНДАЙ ТЕХНОЛОГИЯ КЕРЕК ЕМЕС. АЛҒЫС АЙТУДЫҢ ЕШҚАНДАЙ ФОРМУЛАСЫ ЖОҚ. ШЫН КӨҢІЛ КЕРЕК.

Жалпы, алғыс айтудың түрі көп. Ең бастысы, сол рахмет айтуды ішіңізде бүгіп қалмай - білдіру. Алғыс айтатын адамыңыз үшін сіздің оған сыйлық беріп айтқан рахметіңіз емес, шын көңіліңіз үшін риза болады. Шынайы көңіл көзіңнен көрініп тұрады, даусыңнан естіледі, сөзіңен байқалады.

Алғыс айтудың технологиясы демекші, алғыспен қоса сыйлық беру керек пе, жоқ па? Мені осы сұрақ көп ойлантады. Кейде болады ғой сондай жағдай – рахметіңмен қоса сыйлық бергің келіп тұратын. Рахметіңді алып, сыйлығыңды алмай қойса не істеу керек? Біреу сізге жақсылық жасап жатса неге сыйлық бермеске деп ойлаймын. Сыйлық беру ол адамды жоғары бағалағаным емес пе?

Осы алғыс айтуда кейде қазақи дарақылыққа да жол беріліп жататыны бар. Оның бір белгісі - жүрген жерімізде сыйлық салынған пакет арқалап жүру...Бір оқиға есіме түсіп кетті. Дәрігерге алғыс айтып, пакет ұсынбай ма бір пациент. Дәрігер: пакетіңізді алмаймын, рахметіңізді аламын – депті. Пациент: неге? - демей ме. Дәрігер: - сіздер әкелген пакеттерден күйеуім ішкіш болып кетті, ал ұлымның шоколадттардан тістері түсіп қалды – депті... Пакеттің ішінде коньяк пен шоколад жүреді емес пе?

Сыйлық арқылы екі адам бір-біріне жақындай түседі – дейді... Өмір дегеніңіз осындай алыс-берістен тұрады – дейді... Бұл қатынастарды мен кіріптарлық немесе жағымпаздық деп есептеймін. Сыйлық дәметіп немесе сыйлық күтіп тұруың – дұрыс емес қылық. Шын жүректен шыққан алғысқа не жетсін!

Алғыс алған адам өзін ерекше жоғары көңілді сезінеді. Алғыспен адам қуаттанады. Сондықтан бір-бірімізге жақсылықты көбірек жасап жүрсек адамдық аурамыз тазарады. Бірақ жасаған жақсылығың үшін алғыс күтпе, алғыспен қоса сыйлық дәметкен ұят нәрсе.

Аталарымыз қолына су құйған балаларға алғыстың түрін айтады. Мысалы, «Өркенің өссін, жасың ұзақ болсын, ұмырлы бол, таудай бол!» деген сияқты. Ол алғысты естіген бала шын қуаттанып, мақтанып, есейіп қалады.

Әлемнің біраз елдерінде алғыс күні деген күндер бар екен. Олар ол күнді отбасылық мерекеге айналдырған. Балалары өмірге келтірген ата-анасына алғыс айтады, ата-анасы Құдайға алғыс айтады, тағы сондай толып жатқан алғыстар... Біздің елде де Алғыс күні бар күнтізбеде.Ол күн қалай пайда болды?

1995 жылдың 1 наурызы күні Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған болатын. 2015 жылы Ассамблеяның 20 жылдығы кезінде Елбасы бұл күнді Алғыс айту күні деп жариялауды ұсынды. Осылайша, елдегі барлық этностардың өкілдері 2016 жылдың 1 Наурызынан бастап алғыс айта бастады. Негізінде, басқа этностар алғысты қазақ еліне айтады. Себебі, тарихи отаны болмаса да, осы қазақ еліне қиын-қыстау жылдарында мәжбүрлі түрде келіп қоныс тепкен этностар қазақтың кеңшілігін, адамгершілігін көріп, біздің елді өз отаны деп қабылдады.

Кейінгі отыз жылдағы тарихи оқиғаларға байланысты кейбір этностар өздерінің тарихи отандары (Греция, Түркия, Германия, Ресей) көшкенмен, ол жаққа сіңбей, қайтып келгендер бар. Келе алмағандары әлі де қазақтың кең даласы мен кең пейілін қимай қимастық көңілмен демалыстарында Қазақстанға келіп-кетіп тұрады. Тұрып жатқан елдерінде қазақша ән салады, қазақша ет асады. Қазаққа деген ең үлкен алғыс осы.

Орайы келгенде айтарымыз, біздің газетімізді үзбей оқып тұратын оқырмандарымызға мың алғысымызды жеткізгіміз келеді! Табысты болыңыздар, қуатты болыңыздар, алдарыңыздан күндей жарқырап тек жақсылық шығып тұрсын!

Баян ТАҢАТАРОВА

БАСПАСӨЗ - 2025

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 4212 теңге.
қала және ауыл тұрғындары үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 5272,80 теңге.
заңды тұлға үшін
1 жылға – 8344,96 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 4212 тенге.
для городского и сельского населения через "Казпочту"
на год – 5272,80 тенге.
для юридического лица
на год – 8344,96 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

Жетісу облысында үшінші қант зауытының құрылысын жүргізу туралы инвесторлармен келісімдер жасалуда. Соның нәтижесінде 1 млн. тоннаға дейін қант қызылшасын өңдеуге мүмкіндік туады. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаев «Jetisy» телеарнасы студиясында облыстық БАҚ өкілдеріне берген кеңейтілген сұхбаты барысында айтты.

* * *

Президенттің биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауына байланысты Талдықорған қаласында жұмысшы мамандарды тәжірибеден өткізетін орталық салу жоспарланып отыр. Нысанның құрылысы биыл басталып, келесі жылы бітеді. Орталықтың практикалық сабақтары жаңа технология негізінде оқытылады.

* * *

Жетісу облысында халықтың әлеуметтік осал топтары санатынан 30 отбасы жаңа үйлі болды. Талдықорған қаласындағы «Жастар - 3» жаңа тұрғын ауданынан берілген үйлердің кілтін облыс әкімі Бейбіт Исабаев табыстады. Жалпы жыл басынан бері облыс орталығында кезектегі 102 отбасы жаңа баспанаға кірді. Атап айтқанда, «Береке» коттедж қалашығының, «Жастар-3» тұрғын алабында әлеуметтік осал топтар санатындағы азаматтар мен көпбалалы отбасылар үйлі болды.

* * *

Жетісу облысында қазіргі кезде газдандыру деңгейі 56,5% құрайды, яғни 63 елді мекен газдандырылды. Ал биылғы жылдың қорытындысы бойынша тағы 63 жобаны іске асырудың арқасында газдандыру деңгейі 71,4% жетеді. Осылайша 500 мыңнан астам тұрғыны бар 126 елді мекен газға қол жеткізеді. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаев «Jetisy» телеарнасы студиясында облыстық БАҚ өкілдеріне берген кеңейтілген сұхбаты барысында айтты.

* * *

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев өңірдегі қоғамдық кеңестің жаңадан қалыптастырылған құрамымен кездесіп, өткен жылдың қорытындылары мен бірлескен жоспарларын талқылады. Еске салсақ, облыстық қоғамдық кеңес жаңа құрамда жұмысын 32 мүшесімен бастады. Кеңес құрамы 72% жаңартылды. Олардың 84,4 % - азаматтық қоғамның өкілдері, яғни оның ішінде үкіметтік емес ұйымдардың, бизнес қауымдастықтың, саяси партиялардың, кәсіподақтың, этно-мәдени орталықтардың, БАҚ-тың, білім беру саласының өкілдері де бар.

* * *

Облыс әкімі Бейбіт Исабаев Өзбекстан Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Бахтиер Ибрагимовпен кездесті. Тараптар екіжақты ынтымақтастықтың мүмкіндіктері мен әлеуеті жайлы мәселелерді талқылады. Атап өтсек, 2024 жылдың қорытындысы бойынша Жетісу облысы мен Өзбекстан арасындағы тауар айналымы 17 млн. АҚШ доллары көлемінде.

* * *

Талдықорғанды жуық жылдарда қауіпсіз, жайлы, жасыл қала ретінде дамыту міндеті қойылған. Оны іске асыру үшін 2025-2026 жылдардың нақты жоспарлары жасалып, қала бюджеті 33 пайызға ұлғайтылды. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың журналистерге берген сұхбаты барысында айтылды.

* * *

Көгалдандыру жайына келсек, Талдықорғанда өткен жылы 10 мыңдай ағаш отырғызылса, биыл 12 мыңнан астам көшет егу көзделген. Қаланың «Құлагер» шағын ауданында аумағы 1,2 гектар болатын жаңа саябақ салу жоспарда бар. Ал «Бірлік» шағын ауданда жаңа сквер пайда болады. Сол сияқты ағаштар мен көгалдарды суару жүйесін реттеу қолға алынған. Бүгінге дейін шамамен 10 шақырымдай арық жүйесіне жөндеу жүргізілді, бұл жұмыс биыл да жалғасады. Оған қоса Орталық және «Жастар» саябақтарына ағымдағы жөндеу жасалады.

* * *

Жетісу облысында Ақсу және Көксу қант зауыттарына өткізілген таза салмағы 560 мың тонна қант қызылшасына 14 млрд. теңге субсидия толық көлемде төленді. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, қант қызылшасы бойынша субсидиялауға 679 өтінім түскен. Соған сәйкес шаруаларға субсидия толық көлемде төленді. Сондай-ақ Ақсу және Көксу қант зауыттары қабылдаған қант қызылшасы үшін шаруа қожалықтарына 8,4 млрд. теңге төледі.

* * *

Үшарал қаласының «Сымбат» орталық стадионында Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 36 жыл толуына орай ерекше шара өткізілді.

Бұл маңызды күнге орай Үшарал гарнизонының әскери қызметшілері арасында биатлоннан жарыс ұйымдастырылды. Жарысқа ер азаматтар мен әйел адамдардан 25 адам қатысып, өзара күш сынасты.

* * *

«Күміс тамыр» облыстық қытай этномәдени орталығы Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай «Чун де» көктем мерекесін ұйымдастырды. Іс-шарада фестивальдің ашылуы, қытай тағамдарының дәмін тату рәсімі, қытай шайын дайындау бойынша мастер-класстар, алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар тапыстау және мерекелік концерт ұйымдастыру кірді.

* * *

«Достық үйі» ғимаратында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге үлес қосу мақсатында құрылған «Мәміле» клубының отырысы өтті.

Отырыста клубтың мақсаты мен міндеттері бекітіліп, төрағасы болып – Юля Спирченко сайланды. Сондай-ақ, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретудің мәселелері мен ықпал ету жолдары талқыланды.

* * *

Жетісу облысында балық қорын сақтау үшін күрес күшейе түсуде. Жетісу су айдындарында инспекция мен құқық қорғау органдары бірлесіп жүргізген рейдтік іс-шаралар нәтижесінде заңсыз балық аулаудың 14 дерегі тіркелді. Тексеру барысында құқық бұзушылар моноталшықтан жасалған ау пайдаланғаны анықталды, бұл су биоресурстарына айтарлықтай зиян келтіреді. Табиғат қорғау заңнамасын бұзған бес азамат ұсталды.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ НАЗАРДА

Жетісу облысының Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Сарқытбай Құсаинов Алакөл ауданында тұрғындармен кездесіп, өңірдің қауіпсіздігіне қатысты маңызды мәселелерді талқылады.

Іс-шара барысында департаменттің 2024 жылғы жұмыс нәтижелері ұсынылып, аудандарда тәртіп орнату бойынша жүзеге асырылған шаралар баяндалды. Сонымен қатар, қоғамды алаңдататын бірқатар проблемалар да көтерілді. Атап айтқанда, интернет-алаяқтардың шырмауына түсіп қалмау, жол апаттарын болдырмау және жол қозғалысы ережелерін сақтау, есірткіге қарсы шаралардың маңызы мен мәселелердің алдын алу жолдары талқыланды. Мал ұрлығы мәселесіде күннің өзекті тақырыбына айналғаны айтылып, тұрғындарға сақтық шараларын сақтау жөнінде кеңес берілді.

Іс-шара соңында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне үлес қосқан ауданымыздың бірқатар азаматтары полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Сарқытбай Құсаиновтың алғыс хаттарымен марапатталды. Аудан тұрғындарының ұсыныстары тыңдалып, мәселелерді шешу жолдары қарастырылды.

Назерке НАБИКЕНОВА
Алакөл ауданы

ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТІҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

Тіл – ұлттың рухани негізі, мәдениеттің ажырамас бөлігі. Ол тек қарым-қатынас құралы ғана емес, халықтың дүниетанымын, өмір салтын, тарихи мұрасын сақтаушы күш. Қазіргі жаһандану дәуірінде тілдің қоғамдағы орны мен оның мәдениетпен өзара байланысы ерекше маңызға ие. Ұлттық тілдің дамуы мен сақталуы – халықтың болашағының кепілі.

Сондықтан тіл мен мәдениеттің үйлесімді дамуы – кез келген елдің тұрақты дамуының негізі болып табылады.Тіл халықтың тарихи жадын сақтай отырып, оның болмысын айқындайды. Ұлттық әдебиет, фольклор, өнер және дәстүр тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Егер тіл әлсіресе, мәдени мұраның жоғалу қаупі туындайды. Осыған байланысты мемлекеттердің өз ана тілдерін қорғауға бағытталған саясаты маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, оны қоғамның барлық саласында кеңінен қолдану – ұлттық бірегейлікті нығайтуға ықпал етеді.

Қазіргі таңда көптеген халықтар жаһандану үдерісіне бейімделуге мәжбүр. Көптеген елдерде ағылшын тілінің үстемдігі байқалып, кейбір жергілікті тілдер шеттетілу қаупіне ұшырауда. Бұл құбылыс ұлттық мәдениетке де әсер етеді. Осыған орай, көптеген мемлекеттер өз тілдерін қорғау мақсатында заңнамалық реформалар қабылдап, білім беру жүйесіне ұлттық тілде оқытуды енгізу жұмыстарын белсенді жүргізуде. Заманауи технологиялардың дамуы тіл мен мәдениетке жаңа мүмкіндіктер ұсынуда. Әлеуметтік желілер мен интернет платформалар ұлттық тілдерді дамытуға, олардың қолданыс аясын кеңейтуге жағдай жасайды. Сонымен қатар, цифрлық ресурстар арқылы тіл үйрену мүмкіндігі артып келеді. Дегенмен, интернет кеңістігінде ағылшын тіліндегі контенттің басым болуы кейбір ұлттық тілдердің көлеңкеде қалуына себеп болуда. Осыған байланысты, әр халық өз тілінде сапалы контент жасауға ұмтылуы тиіс.

Тіл мен мәдениет – ұлттың ажырамас бөлігі және оның болашағының кепілі. Әрбір азамат ана тілін құрметтеп, күнделікті өмірде оны қолдануға күш салуы тиіс. Тілдің дамуы – ұлттық бірегейліктің сақталуының басты шарты. Сондықтан тіл саясатын нығайту, ұлттық мәдениетті дәріптеу – қоғамның дамуына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі. Тілге деген құрмет – ұлт болашағына жасалған инвестиция.

Анарбек Меруерт
І. Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті, ФҚ-311

ЖЫЛ БАСЫНАН 121 ЖОЛ-КӨЛІК АПАТЫ ТІРКЕЛГЕН

Жетісу облысы полиция департаменті, жергілікті полиция қызмет басқармасының бастығы, полиция полковнигі Мұхметов Қайсар Жақсылықбекұлы Талдықорған қаласында БАҚ өкілдерімен кездесті. Ол жол-көлік оқиғаларын алдын алу үшін жүргізілген «Қауіпсіз жол» жедел профилактикалық іс-шарасы барысында атқарылған жұмыстарды қорытындылады.

Кездесуде 2025 жылдың басынан бері орын алған жол-көлік оқиғалары бойынша сараптама жүргізіліп, өткен жылмен салыстыру жұмыстары жасалды. Нәтижесінде жыл басынан бері 121 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, өткен жылмен салыстырғанда 163%-ға өскен. Атап айтар болсақ, былтыр бұл кезеңде 46 жол-көлік оқиғасы тіркелген.

Сонымен қатар, қала ішіндегі жол-көлік камераларының жұмысы, әкімшілік құқық бұзушылық кезеңінде жүргізілетін шаралар, ҚР азаматтығы жоқ адамдардың жауапқа тартылуы секілді тақырыптағы мәселелер де талқыланды. Статистикаға сүйенсек, облыс бойынша жол апаты көптеп орын алатын аймақтардың көшін Талдықорған қаласы мен Панфилов ауданы бастап тұр. Полиция полковнигі бұл мәселелер бойынша алдағы күндері арнайы жұмыстар жүргізілетінін мәлімдеді.

Талшын ИЕМБЕРДИЕВА

ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

25 қаңтар мен 22 ақпан аралығында Талдықорған қаласы «Жетісу» волейбол клубында әуесқой командалар арасында волейболдан облыстық ашық чемпионат өтті.

Жарысқа облыстың түкпір-түкпірінен 16 команда қатысты. А және Б лигасының қорытындысы бойынша жеңімпаз «СХТ жастары» командасы болып тағайындалды. Ал 2 орынды «Қайнар АКБ» командасы алса, 3 орынды «GOPRINT ALASH» командасы қанжығалады. Жүлделі орын алған топтарға медаль мен ақшалай сыйлықтар табысталды.

– Бұл жарыс біздің қаламызда бірінші рет ұйымдастырылып отыр, алдағы уақытта көктемдік лига болады. Әлі де командалар саны толығады деген үміттемін. Біздің қарсыластарымыз бірінен-бірі өткен мықты, негізінен командалардың дені жастардан құралған, бұл көңіл қуантарлық жайт. Елдің болашағы жастардың қолында. Жарысты ұйымдастырған облыс әкімі Бейбіт Исабаевқа, қала әкімі Ернат Бәзілге және спорт кешенінің директоры Нияз Жантілеуовке де алғысымызды білдіреміз, - дейді Алишер Ерқасым.

Сонымен қатар, жиын соңында «СХТ жастары» командасының капитаны Алишер Ерқасым «Үздік ойыншы» атанды.

Талшын ЕРЛАНҚЫЗЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЕТІСУЛЫҚТАРДЫҢ ЖЕҢІС ТАРИХЫ ЖИНАҚТАЛУДА

Облыс әкімінің қолдауымен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай дайындалып жатқан еңбектің басты мақсаты – кейінгі ұрпаққа жетісулық майдангерлердің ерліктерін насихаттап, олардың есімдерін мәңгілікке сақтап қалу.

Аталған жұмыстар 2024 жылдың қараша айынан бастап қолға алынған еді. Әлеуметтік желілерде жарияланған хабарландырулардың пайдасы тиіп,елдімекендердегі майдангерлер жайлы 58 азамат облыстық архивке құжаттарын тапсырған. Облыстық архивте мемлекеттік сақтаудағы соғыста іс-түссіз жоғалған, қаза тапқан боздақтар тізімі де қаралып жатыр. Тың ақпараттардың көмегімен жинақтың сұлбасы әзірленуде.

Бүгінде Жетісулық Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангерлер жайлы тың деректер мен фото-құжаттар әлі жиналу үстінде. Жалпы аталған жинақ 1000 беттік болып, мың данамен басылып шығады деп көзделген. Оған облыс бюджетінен 18 млн. теңге қарастырылыпты.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ӨМІРІ КӨПКЕ ӨНЕГЕ

Талдықорғандағы Ілияс Жансүгіров атындағы мәдениет сарайында еңбек ардагері, мәдениет саласының көрнекті өкілі Дина Нұрғалиқызының 85 жылдық мерейтойы аталып өтті. «Өмірі көпке өнеге» атты кешке зиялы қауым өкілдері, әріптестері мен шәкірттері, сондай-ақ Жетісу облысының мәдениет саласының беделді тұлғалары жиналды.

Шараның алғашқы бөлімінде Дина Нұрғалиқызының өмірі мен өнер жолы туралы деректі фильм көрсетіліп, көпшілікке оның мәдениет саласындағы еңбегі таныстырылды. Кеш барысында той иесі Дина Нұрғалиқызы Жетісу облыстық филармониясының Дәнеш Рақышев атындағы «Жетісу сазы» ансамблінің сүйемелдеуі мен халық әндерін орындады.

Салтанатты жиында келген қауым ізгі тілектерін білдірді. Соның ішінде Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сұлтанұлы Сүлейменов мерейтой иесіне арнайы құттықтау сөз арнады:

– Дина Нұрғалиқызы – Жетісу өңірінің мәдениет майталмандарының ұстазы, тәлімгері, жол көрсетушісі. Өнерге жанашырлық танытып, мәдениет саласына өлшеусіз үлес қосқан ардагер. Ілияс Жансүгіров атындағы мәдениет сарайы мен Бекен Римова атындағы драма театры сияқты нысандарға басшылық жасап, ұлттық құндылықтарды насихаттау жолында аянбай еңбек етті. Бүгінде зейнет жасына шыққанымен, қоғамдық жұмыстан қол үзбей, облыстық ардагерлер ұйымының белсенді мүшесі ретінде жастардың тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп келеді. Ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық, отбасыңызға амандық тілейміз! - деп тілек білдірді.

Дина Нұрғалиқызының 85 жылдық мерейтойына арналған кеш жылы лебіздер мен естеліктерге толы болды.

Газеттің келесі санында Дина Нұрғалиқызы туралы толығырақ.

Зарина МАНАРБЕККҚЫЗЫ

«ЖЕТІСУ ЖАСТАРЫ» КММ 2024 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСТАРЫН ТҮСІНЕ ҚОЙМАДЫҚ

Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасының бөлім басшысы Егізбаева Эльмира Серікқызы мен «Жетісу жастары» КММ директоры Ванкеев Шамиль Дүйсенғазұлы 2024 жылы жастар және отбасы саясаты саласында атқарылған жұмыстар жөнінде есепті баяндама жасады.

Баяндамалардан ұққанымыз 14-35 жас аралығындағы жастар негізінен «Жасыл ел» еңбек жасақтары қатарына тартылып, таза Қазақстан үшін еңбек еткен. Нәтижесінде 32 км арық тазаланып, 24 га шөп шабылған. 28 тонна қоқыс жиналып, Алакөл көлінің жағалауына 7 қоқыс контейнерін орнатқан.

Халықаралық жастар күніне орай ұлттық он күндік ұйымдастырылып, оған 30 мың жас қатысқан,осы шара аясында 22 ірі іс-шара өткізілді. Ол қандай іс-шара екені айтылмады.

Жалпы, жастар саясаты жөнінде іс-шаралар өткізілгені тек цифрлармен ғана хабарланып, нақты істелген шаруалары аталмады. Сондықтан біз ол сандарды тізбелеуді жөн көрмедік.

Құлағымызды еленДеткен жаңалық - баспана мәселесін шешу жолында 65 жас тұрғын үймен қамтамасыз етіліпті. Сонымен қатар, «Жас Алматы» жобасы аясында жұмыссыз жастарға білім беру бағдарламалары іске қосылып, оларды сертификаттау арқылы жұмысқа орналасу мүмкіндігі қарастырылуда екен. Алдағы уақытта ғылым, мәдениет, ақпараттық технологиялар, бизнес және медиа бағыттары бойынша гранттар бөлу жоспарланып отыр.

Зарина БЫЖЫБЕК

ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ - БОРЫШЫМЫЗ

Ормандар мен бұлақтар – табиғаттың баға жетпес байлығы. Олар таза ауа, денсаулыққа пайдалы табиғи орта, ал бұлақтар – таза су көзі. Дегенмен, әр жылы бұл байлықтар адамдардың салғырттығынан, от жағудан және қоқыс қалдырудан зардап шегеді. Ормандар мен бұлақтарды сақтау үшін өрт қауіпсіздігі мен санитарлық талаптарды сақтау, бұлақтарды оттан қорғау және заңсыз ағаш кесумен күресу маңызды.

Өрт – орманға үлкен қауіп. Көптеген орман өрттері адамның абайсыздығынан туындайды, сол себепті табиғатты қорғау үшін қарапайым ережелерді ұстану қажет: 1. Өрт қаупі жоғары маусымда орманда от жағудан аулақ болыңыз. Кішкентай ғана ұшқын құрғақ шөптерді, жапырақтарды өртеуі мүмкін; 2. Костер жағып, оны бақылаусыз қалдырмаңыз. Тіпті толығымен сөндірілген отқа жел соғып, қайтадан тұтануына себеп болуы мүмкін; 3. Сіріңке мен темекі тұқылдарын тастамаңыз. Кішкентай ғана сіріңке де оттың басталуына жеткілікті; 4. Шыны ыдыстарды тастамаңыз. Шыны күн сәулесін лупа сияқты жинап, айналасындағы шөпті тұтандыруы мүмкін.

Ормандарды ластау тек табиғаттың көрінісін бұзумен ғана шектелмейді, ол сонымен қатар өсімдіктер мен жануарларға зиян келтіреді. Пластик, шыны, темір сияқты қоқыстар ұзақ уақыт бойы ыдырамай, табиғатқа зиян келтіреді.

1. Қоқысты орманда қалдырмаңыз, өзіңізбен бірге алып кетіңіз. Әрбір пластик бөтелке, пакет пен қаптаманы жинап, арнайы орындарға тастаңыз; 2. Органикалық қалдықтарды да тастамаңыз. Олар табиғи түрде ыдыраса да, орман экожүйесіне әсер етуі мүмкін; 3. Еріктілерге қосылып, орманды тазарту шараларына қатысыңыз. Өзіңіз байқасаңыз, жол бойындағы қоқыстарды жинап, табиғатқа үлес қосыңыз.

Таза бұлақтар – табиғаттың маңызды байлығы. Су көздерінің ластануы экологияға кері әсер етіп, өсімдіктер мен жануарларға зиян тигізеді.

1. Суға қоқыс тастамаңыз. Шыны мен пластик бөтелкелер, пакеттер және басқа қалдықтар су көздерін ластап, табиғатты бүлдіреді; 2. Бұлақтарды тазарту шараларына қатысыңыз. Жергілікті волонтерлік топтарға қосылып, бұлақтар мен су көздерін тазартып, өз үлесіңізді қосыңыз; 3. Басқаларға бұлақтарды таза ұстаудың маңыздылығын түсіндіріңіз. Әрбір адамның табиғатқа құрметпен қарауы – болашақ ұрпақ үшін таза орта сақтаудың кепілі.

Табиғатты сақтау – әрбір адамның міндеті. Өрт қауіпсіздігін сақтау, қоқыс қалдырмау, заңсыз ағаш кесуге жол бермеу және бұлақтарды таза ұстау арқылы біз орман мен су көздерін сақтап, болашақ ұрпаққа таза табиғат қалдыруға атсалысамыз. Әрқайсымыз өз ісімізбен үлес қосып, табиғатты қорғауға бірге атсалысайық.

Жекетай ИБРАГИМОВ,
Қаратал орман шаруашылығының
Орман күтушісі

ОРМАНДЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ!

Көктем және күз айларында өрт қаупі өте күшті. Орманда өрт шығу себептері, ол көбінесе адамдардың өз кінәсінен болатын жағдай. Сондықтан өрт қауіпсіздігінің ережелерін үйрететін үгіт–насихат жұмыстарын тек өрт сөндіру қызметкерлері ғана емес, олармен қатар қоғамдық мекемелерде жүргізуі тиіс.

Орман шаруашылығының жұмысында өрт қауіпсіздігі - бірінші кезектегі мәселе. Орман шаруашылықтарының барлығында орманды өрттен қорғау жоспары болады. Орман шаруашылығының өрттен қорғау сызбасы жоспарланады. Ең алдымен өрт қауіпсіздігін болдырмау мақсатында үгіт-насихат жұмыстары қолға алынған

Ауыл тұрындарымен мектеп оқушыларына өрт қауіпсіздігін қатаң сақтау туралы ескертіліп, оны алдына алу шаралары туралы айтылады. Әрине ормандағы өрттің бәрі адами фактор емес, кейде ормандардың жануы найзағайдың әсеріненде болуы мүмкін. Бірақ ондай жағдайлар өте сирек кездеседі.

Орман өртін негізінен адамдар тұтандырады. Мәселен сөндірілмеген шылым немесе сіріңке салдарынан бықсып шөптер жанып тұтанады, орманға тасталған тұтануға бейім майланған материалдар, күн саулесі мол түсетін жерлерге шыны ыдыстарын сындырып, шөлмектерін тастап кету себеп болып жатады. Алайда, өртті болдырмаудың басты шартын ең алдымен түсіндіру жұмыстарын жүргізу екені анық. Сондықтан өрт қауіпсіздігін қатаң сақтап, өзіміздің әсем де әдемі табиғатымызды келер ұрпаққа қаз қалпында тапсыруға атсалысайық.

М. СЕРДАЛЫ,
Қапал орман шаруашылығы КММ-сінің
№2 айналым орман күтушісі.

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

Жоғары білім берудің бірыңғай платформасына 700 мыңға жуық студент жайлы мәлімет енгізілді. 2024 жылы еліміздің жоғары білім саласын ашықтық пен қолжетімділіктің сапалы жаңа деңгейіне көшіру мақсатында Жоғары білім берудің бір ыңғай платформасы іске қосылды. Ол тек процестерді автоматтандыру құралы ғана емес – бұл 2,6 миллион пайдаланушыны, мыңдаған білім беру бағдарламасы мен мемлекеттік жүйелермен ондаған интеграцияны біріктіретін ауқымды цифрлық экожүйе. ҚР ҒЖБМ Цифрландыру және мемлекеттік қызмет көрсету департаментінің директоры Нұрсұлтан Махатов ОКҚ алаңында аталмыш платформаның міндеттері жайында баяндады.

* * *

Сыртқы істер министрлігі, Kazakh Invest компаниясы басшылығының жұмыс қарқыны және инвестициялық қызмет динамикасына әсер еткен факторларды талдау бойынша ақпараты тыңдалды. 2024 жылы Қазақстанда 1,85 трлн теңгеге 230 инвестициялық жоба пайдалануға берілді. Инвестициялық штабтың жұмысы бір жыл ішінде жалпы құны $50 млрд-тан асатын жобалар бойынша инвесторлардың 115 проблемалық мәселесін жоюға мүмкіндік берді.

* * *

Мемлекет басшысы Қазақстанды Еуразия құрлығында транзиттік хабқа айналдыру жөнінде тапсырма берген. Соған байланысты теміржол саласында 1300 шақырымды құрайтын 4 ірі инфрақұрылымдық жоба іске асырылып жатыр. Атап айтқанда, Достық – Мойынты және Алматы айналма жобасы, Дарбаза – Мақтарал және Қытай елімен қосатын Аягөз – Бахты теміржол өткелі салынуда. Бұл туралы ҚР Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитеті төрағасының орынбасары Нұржан Келбуғанов ОКҚ баспасөз конференциясында хабарлады.

* * *

Жыл басынан бері мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуге республикалық бюджеттен 53,2 млрд теңге жұмсалды. Бұған қосымша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттілігінен айырылу және асыраушысынан айырылу бойынша шамамен 7,4 млрд теңге сомасына әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылды, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

* * *

Көксу ауылшаруашылығы колледжі 5 түрлі жұмысшы мамандығына баулиды.

Осы жылғы оқу жылынан бастап техник электроник және сити фермер мамандары 2 жыл 10 ай көлемінде оқып шықпақ.

Оқу орнында студенттерге бар жағдайлар жасалған. Тіпті колледж қабырғасынан сіңірген білімдерін зәулім шеберхана ішінде шыңдап, практикалық жұмыстар жасай алады.

* * *

Табиғи монополияларды реттеу департаменті коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын ескере отырып, жылу және сумен жабдықтау тарифтерін бекітті. Жаңа ережелерге сәйкес, жылумен жабдықтауға арналған әлеуметтік лимиттер тұрғын үй алаңына байланысты белгіленді: 100 ш.м. дейін – базалық тариф, өзгеріссіз қалады; 100–200 ш.м. – тариф 10%-ға артады; 200 ш.м. жоғары – орташа босату тарифі қолданылады.

Сумен жабдықтауға байланысты тарифтер төрт деңгейге бөлінді, тұтыну көлеміне қарай: Айына 3 текше метрге дейін – базалық тариф бойынша төлем; 3–5 текше метр – 20% қымбат; 5–10 текше метр – 50% қымбат; 10 текше метрден жоғары немесе есептегіші жоқ болса – 100% қымбат.

* * *

Ескелді ауданында әртүрлі салаларда табысты жұмыс істеп жатқан кәсіпкерлеріміздің қатары күннен-күнге артып келеді. Олар өз ісін сүйіп атқарып, қоғамға пайда келтіріп, аудан экономикасына үлкен үлес қосуда. Ауданның кәсіпкерлік дамуына ықпал етіп отырған үш кәсіпкерді атап өтсек:

1. Тілек Нағызханұлы – аяқ-киім тігумен айналысады. Оның өнімдері сапасы мен дизайнымен ерекшеленеді, әрбір тапсырысқа ерекше көңіл бөлініп, жоғары стандартқа сай жасалады.

2. Роза Орукбаева – құс өсірумен айналысады. Ол өз кәсібін жоғары сапалы құс етімен қамтамасыз етіп, ауыл шаруашылығын дамытуда маңызды роль атқаруда.

3. Даулет Болатбекович – шұжық цехының иесі. Ол аудан тұрғындарына дәмді әрі табиғи ет өнімдерін ұсынуда.

* * *

Бүгінгі таңда облыс аумағында су тасқыны жағдайы тұрақты. «Қазгидромет» алдын ала болжамына сәйкес, су басу қаупі жоғары аймақтарға Алакөл, Ескелді, Кербұлақ және Көксу аудандары жатқызылған. 2025 жылғы су тасқыны кезеңіне алдын ала дайындық аясында 2024 жылы 34 іс-шара жүргізілді.

* * *

Жалпы, облыс бойынша су басу қаупі жоғары 47 елді мекен анықталды. Оның ішінде 43 елді мекенде дер кезінде қабылданған шаралардың арқасында су басу қаупі барынша төмендетілді, ал қалған 4 елді мекенде жұмыстар белгіленген мерзімге сәйкес жүргізілуде.

* * *

2024 жылы облыстық оқу-әдістемелік «Тіл» орталығы қазақ тілін оқыту жұмысын жалғастырды. Орталықта барлығы 4 634 тыңдаушы білім алды, олардың 2 990-ы мемлекеттік тілді меңгерді.

Қосымша 832 адам «Қазақша сөйлейік» клубына қатысып, қысқа мерзімде қазақ тілін үйренді. Оқыту заманауи әдістер мен технологияларды қолдану арқылы жүргізіледі, бұл оқу процесін тиімдірек етеді.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПОДДЕРЖИТ ЛИ БИЗНЕС ПРИЗЫВЫ ВЕРХОВНОГО МУФТИЯ СНИЗИТЬ ЦЕНЫ ВО ВРЕМЯ МЕСЯЦА РАМАЗАН

Наурызбай кажы Таганулы призвал верующих по возможности помогать,находящимся в сложной ситуации. Поддержат ли предприниматели призывы священнослужителей снизить цены во время месяца Рамазан, рассказал Верховный муфтий Наурызбай кажы Таганулы. На брифинге в Духовном управлении мусульман Казахстана он напомнил, что в священный месяц важно заниматься благотворительностью.

«Если предприниматели будут делать скидки, то получат вдвое больше благих наград. Но Слава Аллаху народ поддерживает каждое предложение муфтията. Во многих местах делают скидки. В некоторых магазинах по пятницам даже раздают бесплатный хлеб. Пусть Аллах будет ими доволен, подарит их семьям благополучие. Давайте приумножать такую благотворительность. В обществе не должно быть тех, кто страдает. Исходя из наших возможностей, давайте будем помогать тем, кто находится в сложной ситуации», – сказал Наурызбай кажы Таганулы.

В этом году священный месяц Рамазан начнётся 1 марта. Ночь предопределения (Лайлатульаль-Кадр) будет с 26-го на 27 марта. Праздник Оразаайт, которым завершается этот месяц, выпадает на 30 марта. Пожертвование фитр-садака установили в размере 655 тенге.

В ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ СОЗДАДУТ ЦЕНТР ОБУЧЕНИЯ РАБОЧИМ ПРОФЕССИЯМ

В Талдыкоргане будет создан Центр обучения рабочим профессиям, строительство которого начнется в этом и завершится в следующем году. В нем будут проводиться практические занятия с учетом современных технологий ина новом оборудовании, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.

Как отметили в областном управлении образования, в 9 колледжах области открыто 14 новых специальностей. В приоритете востребованные профессии: инженеры по управлению сельхозтехникой, сварщики, механики, технологи рыбных и аккумуляторных заводов, специалисты по цифровым процессам. При этом инвестор, строящий в регионе металлургический комбинатв Кербулакском районе, ведет работу по открытию технического колледжа для подготовки нужных для предприятия специалистов.

В целом в регионе утвержден «Атлас новых профессий», который ориентирован на 5 основных направлений с учетом требований рынка труда иразвития экономики региона – сельское хозяйство, обрабатывающая промышленность, индустрия туризма, информационно-коммуникационные технологии, энергетика и возобновляемые источники энергии.

Фотографии взяты из архива пресс-службы акима области

НОВОСТЬ ИЗ ПРОШЛОГО ГОДА

Для тех, кто об этом не знал. Чем закончился жилищный скандал в Талдыкоргане

В редакцию продолжают поступать звонки и письма от жителей областного центра, которые заинтересованы фактом, о незаконной выдаче более тысячи квартир до 2022 года. Редакция решила напомнить жителям выступление нынешнего главы области на эту тему на встрече с журналистами в декабре 2024 года.

Аким Жетысуской области Бейбит Исабаев на брифинге в СЦК 19 декабря 2024 года рассказал, чем закончился скандал, связанный с незаконной выдачей квартир в Талдыкоргане, сообщает Zakon.kz.

Журналисты напомнили, что в 2023 году после инвентаризации в Талдыкоргане выявили 1218 квартир, которые выдали с нарушениями жилищного законодательства артистам, спортсменам и представителям правоохранительных органов.

«Все бумажные варианты архивов были уничтожены, в итоге чем закончился данный скандал?» – поинтересовались представители СМИ.

В ответ Бейбит Исабаев заявил, что в ходе разбирательств около 700 квартир были узаконены.

«Человек, 10 лет тому назад, получил квартиру, в позапрошлом году. Я утрирую на примере. Он ушел в отпуск. А нет решения жилищных комиссии города. То есть, правоустанавливающих документов у этого гражданина нет. Хотя он 10-15 лет проживает в этой квартире, теперь вышел на пенсию, кроме пенсии у него другого заработка нет. А как его выселять? Поэтому этот человек подает в суд, через суд он восстанавливает свои правоустанавливающие документы, и мы выдаем ему решение соответствующее. Это называется, узаконили квартиру этому человеку», – пояснил глава региона. Более 150 незаконно полученных квартир, добавил аким, вернули добровольно.

«С некоторыми мы до сих пор еще судимся. Вот результат», – резюмировал Исабаев.

В ТАЛДЫКОРГАНЕ МОШЕННИЦА ПО ТЕНДЕРАМ ПРЕДСТАЛА ПЕРЕД СУДОМ

Поставлена точка в громком деле о некачественных курсах по заработку на государственных закупках. В Талдыкоргане суд вынес решение в пользу пострадавших потребителей, которые так и не получили обещанных быстрых денег через тендеры, а лишь потеряли крупные суммы, передает Tengrinews.kz со ссылкой на пресс-службу Комитета по защите прав потребителей Министерства торговли и интеграции.

Восемь жительниц области Жетысу обратились в местный департамент торговли и защиты прав потребителей с жалобой на коуча, обещавшей людям миллионные прибыли. Проведенное сотрудниками департамента расследование показало, что коуч-предприниматель не заключал официальных договоров, а при оплате не выдавал фискальные чеки, что является нарушением налогового законодательства. Во время проверки число пострадавших от некачественной услуги увеличилось до 18 человек, а их география расширилась: кроме жителей области Жетысу заявления написали потребители Алматинской, Костанайской областей и Астаны. В итоге общая сумма ущерба возросла до 6 593 000 тенге. Департамент направил в суд Талдыкоргана исковое заявление в отношении законных интересов более десяти потребителей. «Во время судебного процесса коуч-предприниматель вернула пострадавшим часть денег: трем потребителям - в полном размере по 850 000 тенге, и частично - по 450 000 тенге - двум другим потребителям. Однако суд решил удовлетворить требования в полном объеме, тем самым защитив интересы всех участников дела. Любопытно, что в ходе слушаний всплыл еще один эпизод: коуч-тренер ранее выиграл тендер на ремонт в одной из городских школ, но не рассчитался со строителями. После поднявшегося шума в социальных сетях она срочно погасила свои долги», - сообщили в департаменте.

КОРОТКО ОБО ВСЕМ

На учете в центрах психического здоровья состоят более 300 тыс. человек, то есть 1,5% от численности населения Казахстана, передает Astana TV со ссылкой Liter.kz. Данные цифры озвучила депутат Мажилиса от партии "AMANAT" Айна Мусралимова. Она сообщила, что в Центрах психического здоровья всего дефицит составляет 368 специалистов, из них 83 врача-психиатра, 69 детских врачей-психиатров, 81 психотерапевт, 60 психологов, 75 соцработников. По мнению депутата, даже эти цифры занижены.

* * *

Жетысуским фермерам субсидии выплачены полностью. Как сообщает управление сельского хозяйства, на субсидирование от фермеров поступило 679 заявок. Кроме того, Аксуский и Коксуский сахарные заводы, как утверждают фермеры, расчитались с ними на сумму 8,4 млрд. тенге. Благодаря этому подготовка к весенне-полевым работам у аграриев области Жетысу идет полным ходом.

* * *

Согласно предварительному прогнозу «Казгидромет», к высокому риску подтопления отнесены Алакольский, Ескельдинский, Кербулакский и Коксуский районы. На сегодняшний день на территории области паводковая обстановка стабильная. По данным в области 47 населенных пунктов, наиболее подверженных к подтоплениям, из них в 43 населенных пунктах угроза подтопления минимизирована, в остальных 4 населенных пунктах работы ведутся в соответствии с запланированными сроками.

* * *

В области Жетісуборьба за сохранение рыбных ресурсов становится все жестче. В результате проведенных рейдовых мероприятий инспекции совместно с правоохранительными органами на водоемах Жетісу зафиксировано 14 случаев незаконного рыболовства. Установлено, что нарушители использовали сети из мононити и моноволокна, наносящие серьезный ущерб водным биоресурсам. В ходе проверок задержаны пять человек, нарушивших природоохранное законодательство.

* * *

В Жетісу трое сотрудников КГУ «Уштобинское лесное хозяйство» были осуждены за незаконную охоту на краснокнижного джейрана. По данным прокуратуры, преступление произошло в сентябре 2024 года, когда лесники вместе с гражданским лицом, используя служебный автомобиль «УАЗ», добыли редкое животное на территории охраняемой природной зоны, передает Finratings.kz.Суд признал всех обвиняемых виновными и приговорил их к трем годам ограничения свободы. Кроме того, осужденные были обязаны возместить ущерб государству, который составил около 7 миллионов тенге.

* * *

Несколько сотрудников акиматаТалдыкоргана пойдут под суд за ущерб в 37 млн тенгесообщает Zakon.kz. По информации региональной прокуратуры, в марте 2020 года в рамках государственных закупок отдел ЖКХ заключил договор с ТОО на проведение работ по обустройству сквера на сумму 1 млрд 92 млн тенге. "Однако, вопреки требованиям п. 6 ст. 97 Бюджетного кодекса РК, заказчик не обеспечил полноту выполнения обязательств при осуществлении платежей в пользу подрядчика. В результате подрядная организация не выполнила строительные работы в полном объеме, а сумма ущерба, причиненного государству, составила 37 млн тенге", – сообщили в ведомстве.

* * *

С 25 февраля, театр «Жаңа ғасыр» при акимате города Алматы, начинает гастрольный тур, который продлится до 28 февраляв Талдыкорганском драматическом театре имени Бикен Римовой. Об этом сообщил директор театра «Жаңағасыр» Асанали Ашимов на информационной площадке Региональной службы коммуникаций области Жетісу. В рамках гастроля труппа театра представит зрителям несколько художественных спектаклей, среди которых постановки Б. Беделхана «Тағдыр тақтасы», Е. Ташкенбая «Соңғы қоңырау» и «Алматы махаббатым». Также будет показана премьера детективного спектакля Р. Томана «Сегіз әйел».

* * *

Комитет государственных доходов министерства финансов РК провел проверку более двух тысяч резидентов Казахстана на основе информации, полученной от налоговых органов иностранных государств, передает Ulysmedia.kz.В результате проверок 1602 казахстанца уплатили ИПН на сумму 5,4 млрд тенге. Наибольшие суммы от полученных доходов в том числе в виде дивидендов и вознаграждений приходится на такие страны как Объединенные Арабские Эмираты, Великобритания, Китайская Народная Республика, Турция и др. По данным КГД, на сегодня суммы денег на банковских счетах казахстанцев, открытых в офшорных юрисдикциях, составляет 1,4 млрд тенге. Наибольшие суммы приходятся на такие страны как Республика Панама 1,2 млрд тенге, Вануату 0,2 млрд тенге, Сан-Марино 0,1 млрд тенге и др.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

САМЫЙ МАЛЕНЬКИЙ, НО ОЧЕНЬ ВАЖНЫЙ ЮБИЛЕЙ

Десять лет - это много или мало ?! Это веха. Но в сравнении с историческим времяисчислением - это миг. Да и ни к чему эти философские понятия. У нас юбилей. Наш мини-центр при школе открылся ровно десять лет назад. Дети, пришедшие первыми в эти детские пенаты, уже учатся в седьмом классе, и, к тому же, десять лет - это десять весен, таких ясных, теплых, солнечных, как сегодняшний день.

К 2015 году в селе Мойнак было уже уличное освещение, асфальтированы все улицы села, пришло к нам и централизованное обеспечение питьевой водой. Протянуты линии интернета, отремонтирована школа (да, капитальный ремонт после 40-лет) , есть медико-фельдшерское обслуживание (ФАБ), библиотека с читальным залом при доме культуры, там же функционируют все виды организации молодежного досуга - танцевально-хореографический класс, холл для проведения официальных мероприятий. Построена и уже действует сельская мечеть, проводят газ, обслуживание обещают с марта текущего года.

Ну а мне выпала честь стать участницей создания пусть одной группы (ведь это начало) детского сада при СШ 23. Это и ответственность, которая не пугает, а радует и предвещает перемены, причем очень хорошие. С этим надо согласиться. Ведь жизнь состоит из созидания, мечты, надежды во что-то особенное. В данном случае - это новые ощущения, признание твоей нужности, предстоящей индивидуальной ответственности перед родителями и их маленькими детишками.

В начале 2015 года директор школы СЫДЫБАЕВА Г. С. пригласила меня в кабинет и сказала: «Айман Женисовна, мы можем теперь открыть при школе пока только одну группу. А для этого надо будет нам обеим постараться, побегать».

Эта новость взбудоражила и обрадовала моих будущих родителей, работающих на городской птицефабрике, которая является весомым пополнителем городского бюджета города Талдыкорган. Наконец-то не нужно будет переживать за детей, которые будут уже ухожены, сыты, в тепле и заботе.

А первый день открытия садика? Это был праздник! Собрались родители, которые привели своих деток к нам, городское руководство, гости, учителя и ученики. И самое торжественное – это детишки, маленькие, разношерстные, разодетые. Кто в полном недоумении, что сейчас будет. И среди них – любопытные. И просто радостные, оттого что пришли в красиво убранное здание по имени ШКОЛА. Здесь столько людей, детей и взрослых. С ними интересно. Интересно рассматривать, слушать и не понимать, но все равно радоваться.

Я смотрела лишь на детишек – удивленных, с распахнутыми глазенками и даже испуганных, но в их глазах светилась надежда на что-то новое, хорошее. Ведь рядом с ними и мама, и подружки соседки, и мальчишки драчуны. Все светилось и отражалось на их лицах.

Официальная часть приема детей прошла, и мы с детьми сделали экскурсию в уютные помещения, где были раздевалки с разноцветными шкафчиками: куколки - девочкам, машинки – мальчикам. Далее – столовая комната, где будут кушать. Затем - игровая. Она понравилась детям больше всех. И спальная комната, с кроватками. Но половина детей не любила спать и они не задержались в ней. А когда мы остались однидети и я - это был настоящий праздник. Все побежали в игровую комнату и только две девочки громко разревелись, оттого,что нет рядом мамы. Но понемногу втянулись в игру . Когда пришли родители за детьми, все ринулись к мамам, стали искать свои шкафчики с одеждой. Но не совсем хотели уходить . Этот гомон, рев и сладкоголосое. «Пока!» было первой оценкой моему рабочему дню. Уходя, дети крепко держались за руки мамы, а внутри светлись радостью отчего-то непонятного. Они светились изнутри, будто лучик света (я это чувствовала) который заставляет их думать, что завтра они снова придут в этот уютный дом.

Все эти годы я работаю для того, чтобы в душе каждого ребенка зажечь лучик. Лучик солнца, совсем маленького, но яркого, светлого, который будет согревать его, вести в мир широкий и большой. Этот лучик даст ему импульс роста.

Да здравствует наше с вами десятилетие, дети! Давайте будем радоваться и расти.

Этот юбилей мы не скоро забудем!

Айман МОЛДАБАЕВА
село Мойнак

ЛИДЕР С БОЕВЫМ ДУХОМ, ХОРОШЕЙ ДУШОЙ И МАТЕРИНСКИМ СЕРДЦЕМ...

В ШКОЛЬНЫЕ ГОДЫ СРЕДИ ВСЕХ УЧИТЕЛЕЙ ВЫДЕЛЯЛЕТСЯ ОСОБАЯ ЛИЧНОСТЬ, КОТОРАЯ УМЕЕТ НЕ ТОЛЬКО ОЖИВЛЯТЬ УРАВНЕНИЯ И ФОРМУЛЫ, НО И ЗАЩИЩАТЬ ИНТЕРЕСЫ СВОИХ КОЛЛЕГ. ЭТО ДЖАНГАЗИЕВА КАРЛЫГАШ БЕКМУРЗАЕВНА. ОНА ПРИШЛА В ШКОЛУ РАБОТАТЬ 35 ЛЕТ НАЗАД. ЭТО БЫЛО НАЧАЛО БОЛЬШОГО ПУТИ. ЕЁ СТРАСТЬ К МАТЕМАТИКЕ, БОЕВОЙ ХАРАКТЕР, УМЕНИЕ БЫТЬ ХОРОШИМ СОБЕСЕДНИКОМ И ЛЮБЯЩЕЕ СЕРДЦЕ МАТЕРИ ДЕЛАЮТ ЕЁ УНИКАЛЬНОЙ. КАРЛЫГАШ БЕКМУРЗАЕВНА НЕ ПРОСТО УЧИТЕЛЬ МАТЕМАТИКИ, НО И НАСТОЯЩИЙ ЭНТУЗИАСТ СВОЕГО ДЕЛА.

Она могла провести целую ночь за решением сложных задач, а утром прийти на урок с искренним желанием поделиться своим открытием. Её глаза всегда горят от страсти к предмету, и это было заразительно.

Школа – территория мастерства и творчества. Учитель на своих уроках использует много видов обучения, например визуализацию данных, вместо того чтобы просто объяснять сухие формулы, использует онлайн платформы с графиками, диаграммами, а также интерактивные приложения. С каждой новой победой приходиться поднимать планку для самой себя и для учеников. Каждая удача, как и поражение, заставляет работать над собой, совершенствовать свое мастерство. Если окунуться в ее математические уроки мы увидим проекты, игровые элементы, которые ученики могут использовать в реальной жизни.

Одним из мощнейших рычагов в обучении – это интерес ребенка. Например, на своих уроках учитель рассказывает как математика используется в архитектуре, инженерии, медицине и даже в кинематографе. Ее ученики призезы многих интеллектуалных олимпиад по математике, такие как «BILGEN», «Дарын», «Кенгуру», «Ақбота».

Педагог постоянно в поиске чего то нового и интересного.У Карлыгаш Бекмурзаевны много своих достижений в области образовании: за подготовку лучших учеников для Республиканских национальных олимпиад «BILGEN» - Алғыс Хат; медаль и грамота «За вклад в деятельность профсоюза работников образования и науки».

Педагог через свои наблюдения уроков, проводит с молодыми специалистами треннинги, семинары, а также в масштабе района и области учитель делиться своим опытом. За вклад в образования и распространение передового опыта награждена грамотами на августовских районных и областных форумах педагогов. Учитель стремиться вырастить критически мыслящего и счастливого гражданина...

Из воспоминаний ее учеников...

Однажды, на уроке, когда мы изучали теорему Пифагора, она рассказала историю, как в детстве построила небольшой сарай, используя эту теорему. «Представьте себе, — сказала она, — я, маленькая девочка, стою с рулеткой и черчу гипотенузу, чтобы понять, где должен быть угол». Этот рассказ не только сделал теорему Пифагора понятной, но и вдохновил меня, на собственные небольшие проекты. Рассказывает ее бывший ученик Данияр Алиев.

Карлыгаш Бекмурзаевна не только сильный учитель математики, она и профсоюзный лидер в нашей школе. Её боевой характер и непоколебимая решимость делают её не только прекрасным педагогом, но и защитником интересов всех учителей. Как профсоюзный лидер, она всегда стоит на страже интересов своих коллег. За активную, многолетнею деятельность профсоюза педагог награждена районными и областными грамотами. Её лидерство и забота о коллегах вдохновляет всех нас, так как она умеет найти дорогу к каждому педагогу. Она готова выслушать каждого и поддержать в трудную минуту.

Её забота об учениках, ее переживания о классе, доказывает лишний раз, что она хороший человек и прекрасная мама. Она знает, когда надо строго напомнить о правилах, а когда — поддержать добрым словом. Для многих учеников она стала настоящим другом.

Не смотря на нехватку времени и не смотря на трудный предмет педагог находит время, чтобы поговорить с учеником, поддержать его и дать ценные советы. Эта поддержка помогает ученикам преодолеть трудности и вернуться к учёбе с новыми силами.

Сейчас время цифровизации, нынешняя молодежь постоянно сидят в социальных сетях, в интернете. Но не смотря на веление времени Карлыгаш Бекмурзаевна умеет находить общий язык с любым учеником. Её уроки часто превращались в увлекательные беседы о математике, жизни и мечтах.

Она всегда слушает молодежь с интересом и уважением, что делает её настоящим наставником. Она учит, что в жизни, как и в математике, важно искать решения и не бояться сложностей.

«Каждая задача имеет решение, — говорит она. — Важно только найти правильный подход». И кто знает, возможно, именно благодаря такому вдохновляющему педагогу, кто-то из нас станет великим ученым или инженером, а может, просто хорошим человеком, умеющим решать жизненные задачи с математической точностью.

Н.С.ЖҰМАДІЛОВА
учитель информатики

Кербулакский район

Дүйсенбі - Понедельник, 3 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00.01.00 қр әнұраны
05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 «Пәленшеевтер-2,
07.00 «Оян!»
09.00 мультсериал «Умка»
09.30 сериал «Комиссарша»
11.30 «Тамаша»
12.00 President
12.15 Әлеумет
12.30, 21.45 телехикая «Келінжан-5»
13.15, 19.00 телехикая «Қара жәшік»
14.00, 20.00 телехикая «Бахар»
16.00, 23.45 сериал «Презумпция невиновности»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
22.45 «Перекресток»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00, 01.45 Паутина
07.00, 19.00 «Koremiz-Шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.10 Сериал «Минус один»
14.00, 01.15 «Новости»
14.15, 01.30 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.30 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.35 Х/ф «Знахарь»
00.20 Ночной кинотеатр.
02.55 «Той базар»

КТК

07.00 қр әнұраны
07.05 «Кел, шырқайық!»
08.05 «Қоштасқым келмейді»
10.20 «Парад юмора»
12.40 «Роза прощальных ветров»
14.40 «Сашка»
17.30 «Реальная мистика»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат», ток-шоу.
21.00 Вечерние новости
21.40 «Любовь преодолеет все
23.50 «Военная полиция»
01.50 «Маруся»
02.35 «Сашка»
03.20 «Қоштасқым келмейді»
05.20 «Астарлы ақиқат»
06.05 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Абадан»
09.15 «Менің анам»
09.35 «Әсем әуен»
10.00 «Единый народ»
10.30 «Шашу»
11.10 «Шіркін-ай»
12.30 «Ұлт ұяты»
13.10 «Әсем әуен»
13.30 «Туынды тарихы»
13.45 «Жетісу әуендері»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
14.50 «Тарихнама»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.35 «Шыңыраудан шыңға»
17.50 «Диван батыр»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Баспасөзге шолу»
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Өшпес ерлік»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіл»
07.30 «Tik Tok show»
08.00 Мультсериал «Буба»
09.00«Великий Человек-паук»
09.30 «Әзіл студио»
10.00 «Күліп All»
10.30«Охотники за приведениями»
13.00 «Сәлем, европа!»
15.00 «Рэмбо. Первая кровь»
17.10 «Перевозчик-2» (повтор)
19.00 Сериал «Ольга»
20.00 Информбюро
21.00 «НЕ Дыши»
22.40 «Айдаһарлар шайқасы» телехикаясы.
00.10 «31 әзіл»
02.00 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Time Vine»
03.00 «Tik Tok show»
03.20 «What's up?»
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина «BALA BATLLE»
05.00 «What's up?»
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая «Бастық боламын»
07.30 «Здоровье с Айнур Тажиной»
08.00, 18.20 Телехикая «Абысындар-2»
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00. Сериал «Бесценное время»
12.50 Худ. фильм «Двенадцать месяцев»
15.10 Сериал «В плену у прошлого»
17.00 Телехикая «Сезім үшін»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
22.40 Сериал «Гюльчатай»
00.30 Жаңалықтар
00.50 Новости
01.20 Телехикая «Няня man»
02.10 Жайдарман
03.10 «Алло, бұл кім?»
03.40 «Жеңіп көр»
04.40 «Қуырдақ»
05.50 Ызіліс

*** Утерянный ИБР КНР «Д» № 1974, № 1976 ИП «Бимухатов Б» ИИН 690224301068 считать недействительным**

*** Утерянный ИБР КНР «Д» № 1870 ИП «Хамраев» ИИН 970601300434 считать недействительным**

*** Утерянный ИБР Латвия № 705949 ИП «Долерит» ИИН 830724301265 считать недействительным**

*** Утерянный ИБР Азербайджан № 6043475 ИП «Донских А.С» ИИН 771115302088 считать недействительным**

Сейсенбі - Вторник, 4 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Дулдүлдер дүбірі»
06.00 Телехикая «Пәленшеевтер-2»
07.00 «Оян»
09.00 Мультсериал «Умка»
09.30 Сериал «Комиссарша»
11.30 «Тамаша»
12.00 «Көзқарас»
12.30, 21.45 Телехикая «Келінжан-5»
13.15, 19.00 Телехикая «Қара жәшік»
14.00, 20.00 Телехикая «Бахар»
16.00, 23.45 Сериал
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
22.45 Сериал «Перекресток»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00, 01.45 «П@утина»
07.00, 19.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 Сериал «Чего хотят женщины»
13.00 «Пусть говорят»
14.00.01.15 «Новости»
14.15, 01.30 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.30 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.35 Х/Ф «Знахарь»
00.20 Ночной кинотеатр
02.55 «Той Базар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Қоштасқым келмейді»
09.50 Вечерние новости
10.30 «Вскрытие покажет»
12.30 «Любовь преодолеет все», мелодрама.
14.40 «Сашка», мелодрама.
17.30 «Реальная мистика», реалити-шоу.
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат», ток-шоу.
21.00 Вечерние новости
21.40 «Любовь преодолеет все», мелодрама.
23.50 «Военная полиция»,
01.40 «Маруся», мелодрама
02.25 «Сашка», мелодрама.
03.15»Қоштасқым келмейді»
05.10»Астарлы ақиқат»
05.55 Кешкі жаңалықтар
06.20 «Мерекелік концерт»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Біз жанбасақ»
11.40 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Аман болайық»/ тікелей эфир
13.10 «Әсем әуен»
13.30 «Баспасөзге шолу»
13.45 М/ф «Көне құмыраның сыры»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жетісу әуендері»
17.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
17.30 «Абадан»
17.50 «Депозит»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Барыңды бағала»
19.30 «Біздің өңір»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіл»
06.50 Информбюро (рус., каз.)
08.00 Мультсериал «Буба»
09.00 Мультсериал «Великий Человек-паук»
09.30 «Айдаһарлар шайқасы» телехикаясы.
11.00 «Tik Tok show»
11.20 Сериал «Ольга»
12.20 «Рэмбо. Первая кровь»
14.20 КИНО.
16.30 КИНО
19.00 Сериал «Ольга»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 «Гринго»
23.00 «Айдаһарлар шайқасы» телехикаясы.
00.30 «31 әзіл»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Time Vine»
03.00 «Tik Tok show»
03.20 «What's up?»
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.00 «What's up?»
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая «Бастық боламын»
07.10 Q-Елі
08.00, 18.20 Телехикая «Абысындар-2»
09.10, 00.30 Жаңалықтар
09.30, 00.50 Новости
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное Время»
12.55, 22.40 Сериал «Гюльчатай»
15.00 Сериал «В плену у прошлого»
17.00 Телехикая «Сезім үшін»
18.00 Жаңалықтар.
19.30 Новости
01.20 Телехикая «Няня man»
02.10 Жайдарман
03.10 «Алло, бұл кім?»
03.40 «Жеңіп көр».
04.40 «Қуырдақ»
05.50 Ызіліс

Сәрсенбі - Среда, 5 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00.01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 Телехикая «Пәленшеевтер-2»
07.00 «Оян!»
09.00 Мульт Сериал «Умка»
09.30 Сериал «Комиссарша»
11.30 «Тамаша»
12.00 «Президенттік резерв»
12.30, 21.45 Телехикая «Келінжан-5»
13.15, 19.00 Телехикая «Қара жәшік»
14.00, 20.00 Телехикая «Бахар»
16.00, 23.45 Сериал
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
22.45 Сериал «Перекресток»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00, 01.45 «П@УТІНА»
07.00, 19.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»
09.00 «Доброе утро, Казахстан»
10.05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 Сериал «Чего хотят женщины»
13.00 «Пусть говорят»
14.00, 01.15 «Новости»
14.15.01.30 «Жаңалықтар»
14.30 Qoslike
18.30, 02.30 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.35 Х/ф «Знахарь»
00.20 Ночной кинотеатр
02.55 «Той Базар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Қоштасқым келмейді»
09.50 Вечерние новости
10.30 «Вскрытие покажет»
12.30 «Любовь преодолеет все»
14.40 «Сашка»
17.30 «Реальная мистика»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Четвертая отрицательная»
23.40 «Военная полиция»
01.40 «Маруся»
02.25 «Сашка»
03.15 «Қоштасқым келмейді»
05.20 «Астарлы ақиқат»
06.05 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 К/ф «Бір үйдің баласындай»
12.00 «Жетісу әуендері»
13.00 «19 регион»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Біздің өңір»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ділмар»
17.00 «Менің анам»
17.15 «Әсем әуен»
17.50 «Мәңгүрт»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Агро аймақ»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіл»
06.50 Информбюро (рус., каз.)
08.00 Мультсериал «Буба»
09.00 Мультсериал «Великий Человек-паук»
09.30 «Айдаһарлар шайқасы» телехикаясы.
11.00 «Tik Tok show»
11.35 Сериал «Ольга»
12.35 «Рэмбо. Первая кровь-2»
14.40 «Не дыши»
16.40 «Принц пустыни»
19.00 Сериал «Ольга»
20.00 Информбюро (Рус., Каз.)
21.00 Кино
23.30 Телехикая
00.40 «31 әзіл»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Time Vine»
03.00 «Tik Tok show»
03.20 What's up?
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.00 What's up?
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая «Бастық боламын»
07.10 Q-елі
08.00, 18.20 Телехикая «Абысындар-2»
09.10, 00.30 Жаңалықтар
09.30, 00.50 Новости
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 Сериал «Бесценноенное время»
12.55, 22.40 Сериал «Гюльчатай»
15.00 Сериал «В плену у прошлого»
17.00 Телехикая «Сезім үшін»
18.00 Жаңалықтар.
19.30 Новости.
01.20 Телехикая
02.10 Жайдарман
03.10 «Алло. бұл кім?»
03.40 «Жеңіп көр»
04.40 «Қуырдақ»
05.50 Ызіліс

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУБСИДИЯДАН НЕСИЕГЕ КӨШУ



ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНДА МАҢЫЗДЫ ӨЗГЕРІС ОРЫН АЛДЫ: МЕМЛЕКЕТ СУБСИДИЯ БЕРУДІ ТОҚТАТЫП, ОНЫҢ ОРНЫНА ФЕРМЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ҰСЫНДЫ. БҰЛ ЖАҢАШЫЛДЫҚ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДЫҢ БОЛАШАҒЫНА ҚАЛАЙ ЫҚПАЛ ЕТПЕК? ШАРУАЛАР ЖАҢА ЖҮЙЕГЕ БЕЙІМДЕЛІП, КӘСІПТЕРІН ОДАН ӘРІ ДАМЫТУ ҮШІН ҚАНДАЙ МҮМКІНДІКТЕРГЕ ИЕ БОЛАДЫ?

Жетісу облысында ауыл шаруашылығына қатысты енгізілген ақпарат кәсіпкерлер арасында түрлі сауалдар тудыруда. Ең басты өзгеріс – субсидиялардың тоқтатылып, оның орнына жылдық 5%-дық несие беру қызметінің жүйеге енгізілуі. Алайда, бұл жаңа қаржыландыру жұмысы іске қосылғанымен, оның тиімділігіне күмәнмен қарайтын шаруалар аз емес.

Фермерлердің негізгі мүлкі – жер телімдері мен ауыл шаруашылығы техникасы болғанымен, кейбір банктер бұл меншікті толыққанды кепіл ретінде қабылдай бермейді. Сонымен қатар, ұсақ шаруашылықтар үшін несие алу мүмкіндігі ірі агроқұрылымдармен салыстырғанда айтарлықтай шектеулі. Қаржыландыру рәсімі жеңілдетілгенімен, кейбір шаруалар үшін құжат жинау мен банк талаптарын орындау әлі де қиындық тудырады. Әсіресе, қаржылық есептілік жүргізу тәжірибесі жоқ шағын кәсіпкерлер үшін бұл – үлкен мәселе. Кезінде субсидия төлемі бөлінген шаруалар қаражатты еркін жұмсай алса, бүгінгі таңда несиеге қол жеткізген кәсіпкерлер оны тек нақты белгіленген мақсаттарға ғана пайдалана алады. Бұл өзгеріс жауапкершілікті арттырғанымен, кейбір кәсіпкерлер үшін қосымша шектеулер қоятыны сөзсіз.

Қазақстанда ауыл шаруашылығын қолдау саясаты өзгеріп, субсидиялардың орнына жеңілдетілген несиелер берілуі мүмкін екені талқылануда. Бұл бастама фермерлер мен ауыл шаруашылығы мамандары арасында әртүрлі пікір тудырды. Бірі мұны сала үшін оң өзгеріс десе, енді бірі қиындықтарға әкелуі мүмкін деп алаңдайды.

ШҚО-дағы шаруашылық иесі Ерлан Тілеубеков бұл өзгерістің шағын фермерлерге ауыр тиетінін айтады.

«Субсидия біз үшін үлкен көмек болды. Техника алғанда, жанар-жағармайға жұмсалатын шығынды жабуда, тыңайтқыш пен жем-шөпке қолдау ретінде пайдасын көрдік. Ал енді несие алсақ, оны пайызбен қайтарамыз. Кепілге қоятын мүлкіміз болмаса, қалай аламыз? Бизнесіміз тұрақсыз, әр жыл сайын ауа райына, нарыққа тәуелдіміз. Егер субсидияны мүлдем алып тастаса, көптеген фермер банкротқа ұшырайды», – дейді ол.

Ерланның айтуынша, шағын және орта шаруашылықтар қаржылық қиындықтарға тап болуы мүмкін, себебі несие төлеудің өз мерзімі бар, ал ауыл шаруашылығында тұрақты кіріс бола бермейді.

Ал аграрлық сала маманы, экономист Айдана Әбілбекова бұл өзгерістің белгілі бір шарттар орындалса, тиімді болатынын алға тартады.

– *Бюджеттен бөлінетін субсидиялардың көп бөлігі тиімді пайдаланылмайды немесе белгілі бір топтардың ғана пайдасына шешіліп жатады. Ал несиелік жүйе фермерлерді қаржыны мақсатты пайдалануға ынталандыруы мүмкін. Егер несие пайызы төмен, жеңілдетілген шарттармен берілсе, бұл жақсы балама болар еді. Мемлекет бұл жүйені дұрыс реттеп, шағын фермерлердің несие алуын жеңілдететін тетіктерді қарастыруы керек*, – дейді сарапшы.

Оның пікірінше, субсидия жүйесін жетілдіру қиынға соқса, қаржылай қолдау несиелеу арқылы әділ бөлінуі мүмкін. Бірақ несие шарттары тым қатаң болса, бұл керісінше саладағы дағдарысты ушықтыруы ықтимал.

Шетелдік тәжірибе: Несиемен дамыған елдер бар ма?

Әлемнің түрлі елдері ауыл шаруашылығын қолдаудың әртүрлі жолдарын қолданады. Мысалы:

• Германия – ауыл шаруашылығына несие беру жүйесі өте жақсы дамыған. Фермерлерге 1-2% жеңілдетілген пайызбен ұзақ мерзімді несие беріледі. Бұған қоса, мемлекет фермерлердің несиесін кепілдендіретін арнайы қорлар құрып қойған.

• АҚШ – шағын фермерлерге қаржылай көмек гранттар мен несиелер арқылы беріледі. Бірақ мемлекет климаттық және нарықтық тәуекелдерді ескеріп, белгілі бір салаға ғана қолдау көрсетеді.

• Түркия – фермерлерге төмен пайызбен несие беру саясаты табысты жұмыс істеуде. Бірақ үкімет стратегиялық өнімдерге (бидай, мақта, жаңғақ) тікелей субсидия беруді жалғастырып келеді.

Қазақстан үшін қай модель тиімді болатыны әлі белгісіз, бірақ кей елдердің тәжірибесін қолдану саланы дамытуға ықпал етуі мүмкін.

Фермерлерге қандай балама ұсынылуы керек?

Фермерлер мен сарапшылардың пікірі екіге бөлінгенімен, екі тарап та жүйені реформалаудың маңыздылығын мойындайды. Сондықтан үкіметке бірнеше маңызды аспектілерді қарастыру қажет:

1. Шағын және орта шаруашылықтарға төмен пайызбен ұзақ мерзімді несие беру – жылдық мөлшерлемесі 2-4% деңгейінде болуы керек.

2. Кепілсіз несие алу мүмкіндігін қарастыру – кепілдік қорлар құрып, несиені мемлекет кепілдендіру тетігін енгізу.

3. Ауа райы тәуекелдерін есепке алу – құрғақшылық немесе табиғи апаттар болған жағдайда, несие төлеуді кейінге шегеру жүйесін енгізу.

4. Жас фермерлерге арнайы бағдарлама жасау – ауыл шаруашылығына жаңа кадрлар тарту үшін жеңілдіктер қарастыру.

Егер мемлекет осы аспектілерді ескеріп, несиелеу жүйесін дұрыс жолға қойса, бұл ауыл шаруашылығы үшін жаңа мүмкіндіктер ашуы мүмкін. Ал дұрыс жоспарланбаған несие саясаты саладағы дағдарысты ушықтыруы мүмкін. Сондықтан мұндай өзгерістерге асығыстық танытпай, барлық тараптың пікірін ескерген жөн.

Жетісу облысында ауыл шаруашылығын қаржыландыру жүйесі түбегейлі өзгерді. Соңғы үш жылда бұл салаға 48 миллиард теңге бөлінсе, енді қаржыландыру механизмі жаңа форматта жүзеге аспақ. Бұдан былай Банк ЦентрКредит, «Аграрлық несие корпорациясы» және жергілікті несие серіктестіктері арқылы фермерлерге 5%-дық жеңілдетілген несие ұсынылады. Аталған өзгеріс кейбір шаруаларға қиындық туғызғанымен, жалпы алғанда ауыл шаруашылығының кәсібиленуіне және қаржылық тұрақтылықтың артуына бағытталған маңызды қадам саналады.

Шаруа қызметкерлері ауыл шаруашылығы үшін субсидиясыз жаңа кезең басталғанын атап өтті. Енді қажетті қаржыны 5%-дық несие арқылы алуға мәжбүр. Бұл өзгерісті бірі саланың кәсібиленуі деп бағаласа, енді бірі қосымша қаржылық жүктеме ретінде қабылдайды. Алайда бір нәрсе анық – ауыл шаруашылығы мемлекеттен тікелей көмек күтіп қана отырмай, өз қаржылық стратегияларын сауатты құруы қажет.

Ауыл шаруашылығы – ежелден бері ел экономикасының тірегі. Көктемде дән сеуіп, күзде берекелі өнім жинайтын шаруалар үшін мемлекеттік қолдаудың маңызы зор. Дегенмен, бұл салада жаңа ережелер күшіне еніп, фермерлер үшін үйреншікті жүйе түбегейлі өзгерді. Шаруалар мемлекеттен бөлінетін субсидияға арқа сүйеп, кәсібін жүргізуге мүмкіндік алатын. Бұл – ауыл кәсіпкерлері үшін сенімді қолдау болғанымен, жүйенің әлсіз тұстары да байқалмай қалған жоқ. Қаржының кешігіп жетуі, кейбіреулерге әділетсіз бөлінуі, тіпті мақсатсыз жұмсалуы сияқты мәселелер субсидиялау саясатына деген сенімге селкеу түсірді.

Субсидияның орнына 5%-дық несие ұсынылды. Алғашқы қарағанда, бұл фермерлерге қаржыны дер кезінде алып, өз қажеттілігіне сай жұмсауға мүмкіндік беретін тамаша құрал сияқты көрінеді. Бірақ несие – тегін берілетін қаражат емес. Оның өзіндік шарттары мен міндеттемелері бар. Шаруалар кепілге мүлкін қоюы керек, тұрақты табысын дәлелдеуі тиіс, ал құжат жинау мен банк талаптарына сай болу – ұсақ кәсіпкерлер үшін оңай шаруа емес. Бұл өзгеріс, сөзсіз, ауыл шаруашылығының құрылымына ықпал етеді. Ірі агроқұрылымдар бұл жүйеге бейімделіп, жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдалана алады. Олардың активтері жеткілікті, қаржылық сауаттылығы жоғары, бизнес-жоспар құруда да тәжірибесі мол. Ал шағын фермерлер үшін жағдай мүлдем бөлек. Олардың басым бөлігі есеп-қисап жүргізуге емес, жер жыртып, өнім өсіруге машықтанған. Енді олар қағазбастылықпен әуре болып, банк алдында өз мүмкіндіктерін дәлелдеуі керек. Бұл – кейбір шаруалар үшін қиын сынақ.

Сонда қайсысы тиімді: субсидия ма, әлде несие ме? Бұл сұраққа әр фермер өз жағдайына қарай жауап бермек. Егер кәсіпкердің қаржылық мүмкіндігі, кепілге қоятын мүлкі болса, несие арқылы ісін кеңейтіп, нарықта тұрақтай алады. Ал активтері аз, қаржылық сауаты төмен шаруалар үшін бұрынғы субсидия жүйесі әлдеқайда қолайлы болар еді.

Ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған бұл реформа салаға серпін бере ме, әлде ұсақ шаруашылықтардың жойылуына әкеліп соға ма? Мұны уақыт көрсетеді. Бірақ бір нәрсе анық: фермерлер енді мемлекеттен тікелей көмек күтудің орнына, қаржылық дербестікке ұмтылуға мәжбүр. Бұл жүйе ауыл кәсіпкерлерін жаңа заманға бейімдей ме, әлде нарықта тек мықтыларды ғана қалдыра ма? Бұл – ертеңгі күннің еншісінде.

Жаңа несие жүйесі ауыл шаруашылығын шынымен дамытып, халықтың табысын арттыра ала ма? Әлде бұл уақыт өте келе қайта қаралатын өтпелі кезең бола ма? Бұл сұрақтың жауабы – келер жылдардың еншісінде. Қазіргі таңда ең бастысы - уақытты жоғалтпай, жаңа мүмкіндіктерді тиімді пайдалану.

Жетісу облысында ауыл шаруашылығына бағытталған жаңа қаржылық қолдау бағдарламалары агроөнеркәсіп кешенінің дамуына үлкен серпін беруі мүмкін. Бұл өзгерістер кәсіпкерлердің өз бизнесін жоспарлап, қаржылық тәуелсіздігін арттыруына ықпал етеді. Ал субсидияның тоқтатылуы - ауыл шаруашылығының кәсібилік деңгейін көтеру жолындағы алғашқы қадам болар. Ендігі шаруа қожалығының басты міндеті - жаңа қаржылық жүйеге бейімделіп, жұмысын жаңа деңгейге көтеру. Мұны жүзеге асыру үшін тек жақсы идеялар мен қажырлы еңбек қана емес, сонымен қатар дұрыс таңдалған қаржылық стратегиялар мен сауатты шешімдер қажет.

Айгерім ШЫҢҒЫСОВА

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Талдықорған

РАМАЗАН 2025

Хижри 1446 жыл

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыт)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (Ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Сенбі	1	5:04	6:22	12:02	15:50	17:37	18:54
2	Жексенбі	2	5:02	6:20	12:02	15:51	17:38	18:56
3	Дүйсенбі	3	5:01	6:18	12:01	15:52	17:39	18:57
4	Сейсенбі	4	4:59	6:16	12:01	15:53	17:41	18:58
5	Сәрсенбі	5	4:57	6:14	12:01	15:55	17:42	19:00
6	Бейсенбі	6	4:55	6:13	12:01	15:56	17:44	19:01
7	Жұма	7	4:54	6:11	12:00	15:57	17:45	19:02
8	Сенбі	8	4:52	6:09	12:00	15:58	17:46	19:04
9	Жексенбі	9	4:50	6:07	12:00	15:59	17:47	19:05
10	Дүйсенбі	10	4:48	6:05	12:00	16:00	17:49	19:06
11	Сейсенбі	11	4:46	6:04	11:59	16:01	17:50	19:08
12	Сәрсенбі	12	4:44	6:02	11:59	16:02	17:51	19:09
13	Бейсенбі	13	4:42	6:00	11:59	16:03	17:53	19:10
14	Жұма	14	4:40	5:58	11:59	16:04	17:54	19:12
15	Сенбі	15	4:39	5:56	11:58	16:05	17:55	19:13
16	Жексенбі	16	4:37	5:54	11:58	16:07	17:57	19:14
17	Дүйсенбі	17	4:35	5:52	11:58	16:08	17:58	19:16
18	Сейсенбі	18	4:33	5:51	11:58	16:09	17:59	19:17
19	Сәрсенбі	19	4:31	5:49	11:57	16:10	18:01	19:19
20	Бейсенбі	20	4:29	5:47	11:57	16:11	18:02	19:20
21	Жұма	21	4:27	5:45	11:57	16:12	18:03	19:21
22	Сенбі	22	4:25	5:43	11:56	16:13	18:04	19:23
23	Жексенбі	23	4:23	5:41	11:56	16:14	18:06	19:24
24	Дүйсенбі	24	4:21	5:39	11:56	16:15	18:07	19:26
25	Сейсенбі	25	4:19	5:37	11:55	16:15	18:08	19:27
26	Сәрсенбі	26	4:17	5:36	11:55	16:16	18:10	19:29
27	Бейсенбі	27	4:15	5:34	11:55	16:17	18:11	19:30
28	Жұма	28	4:13	5:32	11:55	16:18	18:12	19:32
29	Сенбі	29	4:10	5:30	11:54	16:19	18:13	19:33

РАМАЗАН АЙЫНЫҢ БАСТАЛУЫ

АҚПАН 28 ЖҰМА — ТАРАУИХ НАМАЗЫНЫҢ БІРІНШІ КҮНІ

НАУРЫЗ 1 СЕНБІ — ОРАЗАНЫҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІ

РАМАЗАН АЙЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ

НАУРЫЗ 28 ЖҰМА — ТАРАУИХ НАМАЗЫНЫҢ СОҢҒЫ КҮНІ

НАУРЫЗ 29 СЕНБІ — ОРАЗАНЫҢ СОҢҒЫ КҮНІ

30 наурыз - **ОРАЗА АЙТ КҮНІ.**
26/27 наурыз - **ҚАДІР ТҮНІ.**

Пітір садақа 655 теңге

АУЫЗАШАРДАҒЫ ӘСЕРЛІ ӘҢГІМЕ

Көптен бері кездеспеген досымен ойда-жоқта базарда ұшырасты. Қасына әйелін ерткен Ғалымжан саудагерден құрма сатып алып тұр екен. Қолында аузы-мұрнынан шыға тыңқиған екі сөмкесі бар. Асанды көргенде сәл аңтарылып қалды да, лезде қуанып ол да құшағын жайып амандаса кетті. Үшеуі қал-жағдай сұрасып қауқылдасып қалды.

– Иә, қайдан сөмкелеріңді арқалап?

– Оразаға дайындық қой, ауызашарға қонақтарды шақырсақ па деп едік..

– А-а, ауыз бекіткен екенсіндер ғой.

– Иә, өзің ше?

– Шынымды айтсам, сол тегі менің ойыма да келмепті. Оның үстіне жұмысбастылық дегендей.

– Е-е, мен де басында жұмысыма кедергі келтірер деп қорқақтап едім, сөйтсем оным бекер екен. Жарайды, былай істейік, кездеспегелі көп болды. Жол үсті әңгімелесіп тұрғанымыз жараспас. Сен одан да кешкісін үйге ауызашарға кел. Қонағым бол.

Бірақ Асан дереу тартынды:

– Мен қайтіп барам? Өзім ораза ұстамай, ораза ұстағандардың тамағын қалай жеймін. Қой, басқа уақытта барайын.

– Жо-жоқ, – деп оған Ғалымжан көнер болмады, – қайткенде де келесің, қонағым боласың. Екеуміз күнде кездесе бермейміз, –деп тұрып алды.

Асан амалсыз баратын болып келісті. Бірақ іштей өзін жайсыз сезініп әлек. Қап, ыңғайсыз болмас па екен. Жоқ, үйден тамақтанып барып, ол жерде асқа қол созбай жай ғана отырғаны жөн бе? Бірақ оған досы көне қоя ма? Бірге оқыған, бірге әскерде болған досының мінезі өзіне сыралғы. Шаңырағына бас сұққан адамды қайткенде де көңіліндегідей күтпей жібермейді. Намазға жығылғалы баяғы сырамен сыйлайтын әдетін дереу тастаған. Қап, ойда жоқта досының үйіне ауызашарға баратыны қызық болды бәрінен.

Әне-міне дегенше кеш те таяп, Асан өзіне таныс үйге беттеді. Бірақ әлі де көңілі қобалжулы. Бұрын-соңды ауызашарға барып көрмегендіктен ол жердегі отырысты біртүрлі елестете алар емес.

Сыртқы есік ашық тұр. Босағадағы әртүрлі аяққиімдер келген қонақтардікі екенін аңғартуда. Есіктен басын сұғар-сұқпас досы бұны ақжарқын пейілмен қуана қарсы алды. Сырт киімін іліп, дереу төргі бөлмеге бастады. Іште төрге қарай созылған кең дастархан көздің жауын алатын не түрлі дәмге толып тұр. Қонақтармен қол алысып амандасып, өзіне көрсетілген орынға отырды. Таныстық басталғанда ең әуелі таңғалғаны келген қонақтардың түрлі мамандық иелері екендігі болды. Бәрі де жұмыстағы кісілер. Төрде отырған жасы үлкен кісі сотта істейтіндігін айтты. Әйелі дәрігер екен. Ал бергі екеуі банкта істейтіндіктерін айтты. Мұғалім, журналист, әкімдікте істейтін қызметкерлер де отырды. Әңгіме ораза жайында өрбіді. Жасы үлкен кісі әңгімесін: Қазақ «Оразалымен оттас бол, имандымен жолдас бол» дейді, өз басым ораза ұстай бастағаныма 3-4-ақ жылдың жүзі болды деп бастады. Несін айтасың, біз асқазан дегенді жыл он екі ай дамылсыз жұмыс істетіп қинай береді екенбіз. Ораза кезінде асқазан бір мезгіл демалып, жұмысын бұрынғыдан да жандандыра түсетін көрінеді. Оны өзім де байқап жүрмін. Баяғыда ішкен-жегенім қорытыла қоймай біртүрлі асқазаным бүріп ауыратын еді, қазір ол сап тыйылған. Өзінді біртүрлі жеңіл сезінесің. Қайбір жылы жаңа жыл мен ораза қатар келіп, қылмыс атаулының сол жолы күрт түскені есімде.

Оның сөзін әйелі іліп әкетті: Мен отағасына ораза ұстаңыз деп айтып келе жатқалы қашан. Оразаның қасиетін енді-енді ғана өзі сезіп келеді. Ашығудың емдік қасиеті бар екені баяғыда-ақ дәлелденген нәрсе. Қазіргі күні Еуропада көптеген емханалар емдік мақсатта осы оразаны пайдаланады. Советтік кезде «Ораза, намаз - тоқтықта» деп ысырып сөйлеп мән бермей келдік қой, негізі ораза ұстау үшін тоқ болу міндетті емес. Қазір мынау біз айналысып жүрген медицина саласында оразаның жүрек қан тамырларына, миға, іш қатуға, артық салмақтан арылту, бауыр, метаболизманы жандандыру секілді көптеген пайдалары жұрт кәдесіне жарауда.

Мұғалім кісі тарихтан сабақ береді екен. Ол да әңгімеге араласып, оразаға ұқсас құлшылық түрлерінің исламға дейінгі діндерде де кездескенін тілге тиек етті. Көне мексикалықтар, перулықтар, кельттер мен ассириялықтар да оразаға айтарлықтай көңіл бөлген көрінеді. Иудаизм, христиандық, индуизм, брахманизм мен жайнизмдерде де түрлі сипаттағы ораза түрлері болған екен.

Одан кейінгі әңгімелерде халықтың ұлттық негізге оралуы, имандылық, ата-баба дініне құрмет, ауызашар берудің ел ішінде игі дәстүрге айналып келе жатқаны, тағы біраз оң бетбұрыстар сөз етілді.

Асан тек құлақ салып тыңдаумен болды. Айтылғандардың барлығы да құлаққа жағымды, көкейге қонымды-ақ. Мынандай мәнді отырысқа келгеніне іштей қуанды, бұндай жайттарға өзінің бұрын-соңды қалай мән бермей келгеніне таңғалды. Оған отырғандардың уақыт кіргенін күтіп, бір мезгілде дұға оқып құрмамен ауыз ашуы, әр тағамды жаңа қолға алғандай аса бір тәбетпен жеуі, үлкен-кіші демей, лауазымына да қарамастан бір-біріне ізет білдіруі, дастархан үстіндегі дәмді ас пен қатар айтылған дәмді әңгімелер, үй иелерінің ілтипат-ықыласы, қонақтарын шығарып салып қайта-қайта қимай қоштасқаны – бәрі ерекше әсер етті. Ораза адамдардың бір-біріне деген бауырластығын арттыратындай. Ораза дастархандағы несібелерге құрметпен қарауды ұқтыратындай. Ораза адам жанын тазартып, керемет рухани ләззат сыйлайтындай!

Кетерде мешітте таратылды деп Ғалымжан берген ораза жайлы шағын кітапшаны үйге жетіп оқығанша асықты. Үйге келісімен ең әуелгі ісі бас алмай жаңағы кітапшаны оқып шығу болды. Оразаның денсаулыққа пайдасы өз алдына, оның Құдай сүйген теңдессіз құлшылық екеніне, сауабының молдығы жайлы көптеген мәліметтерге қанықты. Құран аяттары мен Пайғамбар хадистерін көңіліне тоқыған сайын қасиетті Рамазан айының бастапқы күндерін өткізіп алғанына іштей өкінгендей болды, бірақ оразаның қалған сауабынан құр қалғысы келмеді.

Жатарда «Иә, Аллам, ертең ораза ұстасам деген ниетімді қабыл ала гөр!» деп күбірлеген күйі ұялы телефонының сағатын мұқият түрде сәресі уақытына қойды...

Иә, «Игілікті істің ерте-кеші жоқ» деген.

muslim.kz

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЗАҚ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНЫҢ НАР ТҰЛҒАСЫ – ӘБІЛФАЙЫЗ ЫДЫРЫСОВ

Журналистика – қоғамның ажырамас бөлігі. Ал журналистиканың өркендеуіне үлес қосқан журналистер – екі арада алтын көпір салушы білікті маман. Сөз құдіретін білген киелі саланың азаматтарының алды мемлекет үлесіне қызмет көрсетуде. Бірі телевидение майталманы болса, енді біреулері баспасөздің даңқын асқақтатып, қалам тербеп өшпес мұра қалдыруда. Тағы басқалары медиа саланың жаңа қырларын дамыту үрдісінде. Ал кейбірі ақындық жағынан байқалып, екі жақты жұмыс атқарып отыр. Ел деңгейінде қазақ журналистикасының қанат жаюына бірнеше кедергілер болғанымен қалыптасу кезеңінде қазақ публицистикасының шоқ жұлдыздары тынбай әрекетте болды. Жаңа бастамаларға жол ашты. Нар тұлғалардың бүгінде қаңырап қалған бос орындары жүрекке қаяу салады. Баспасөз ісінің өшіп, жойылып кетуіне жол бермей, еңбек жолында талай ауыз толтырып айтарлықтай қызмет еткен жанның бірегейі – Әбілфайыз Ыдырысұлы.

Ғасырда бір туатын рухы биік ағамыз тірі шағында журналистік шеберлігін паш етіп, сөздің құрышын қандырып, қалам тербеген жазушы бола білген. Жігітке жеті өнерде аз деп айтпақшы, ол кісі тек журналист жазушы ғана емес, «Ұстаздық қылған жалықпас үйретуден балаға» деген қағиданы ұстанып, алғыр шәкірт тәрбиелеп, ұстаздық жолды да қатар ала жүрді. Ұлт ұстазының жан-жақтылығын толығырақ осы мақалаға арқау етіп, кішігірім бірақ халқына арнаған үлгі тұтар жанның өмірі мен өнері жайында сыр шертемін.

Әбілфайыз Ыдырысов тектілердің жері Торғай өңірінде, дәлірек айтсақ Қостанай облысының Егінсай ауылында дүниеге келген. Бала кезінде екінші дүниежүзілік соғысты басынан кешкен. Ерте кезден әкесінен, ағаларынан айырылып, туған жерден жастайынан кетіп білім жолында ерінбестен білуге асыққан. Оқу бітірген шағында математика маманы болғысы келген Әбілфайыз құжатын тапсыру барысында қиындықтарға тап болған. Қатарластары қуанып қалаған оқуына түсіп жатқан кезде, Әбілфайыз елде қалады. Бірақ Алланың қалауы осы болған шығар. Тағдырына жазылған журналистік жолға түсіп, осы күндері Қазақстанның еңбек сіңірген азаматы болды. Осынау ұлағатты өмір жолының бастауы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің журналистика факультетіне аттаған қадамынан басталды. Білім шаңырағында 22 ер бала, бір қыз болып білмегенін үйреніп тәжірибе жинады. Ол кезеңдерде университет қабырғасында ылғи аты қазаққа жайылған үлкен азаматтар дәріс беретін. Әбілфайыз студент шағында Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмалиев, Бейсенбай Кенжебаев, Сейділдә Төлешов, Тауман Амандосов сияқты білімі тау шыңындай болған кісілерден тәлім алған. Мүмкін биікке қанат қағып, елінің ұмытылмас азаматына айналуы сол кісілердің берген білімінің нәтижесі болар.

Ұлылардың сөзін тыңдап, әкесіндей көрген жандардың тек жақсы қасиеттерін бойына жинап, әр дәрісті ықыласпен тыңдайтын. Тіпті, өзіндік жеке қимыл-қозғалыстарын бақылап отыратын. Әбілфайыз Бейсенбай Кенжебаевты үлгі санап, әкесіндей құрметтеген екен. Одан бөлек әр оқытушысының бойында бар қасиеттері мен қимыл қозғалыстарына дейін жазып мұра еткен. Ол кісілердің өзіне деген сенімі мен үміт артқандығын жазушы, профессордың жазғандарынан бірден байқауға болады. Өр тұлғалы журналистиканың ізін салған азаматтардың Әбекеңе артқан сенімі ақталды деуге болады. Шәкірті ұстазынан асып туады деген сөзге тағы да көзім жеткендей. 1953 жылы оқуын тәмәмдаған жас журналист бірден газет ісіне қадам жасады. Еңбек жолының алғашқы баспалдағы «Қазақстан пионері» газетіндегі әдеби қызметкер ретінде басталып, кейіннен жауапты хатшы, редактордың орынбасары ретінде атқарған үздіксіз жұмысы жемісін берді. Кейініректе қазіргі «Жас алаш» газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметін атқарған. «Жас алаш» сол кездегі «Лениншіл жас» газетінен өте үлкен тәжірибе жинақтады. Ұстаздарымен әріптес болды. Көптеген сынға қалған жандардың қатесінен сабақ алып, журналист ретінде қара қазанның ішінде пісіп жетілді. Мақаланың қыр-сырын жіті меңгеріп газет ісіне тереңінен бойлады. 60 жылдары еңбек жолын алғаш бастаған басылым «Қазақстан пионерінің» бас редакторы лауазымын алды. «1953 жылы бітірісімен «Қазақстан пионері» газеті редакциясында үш ай әдеби қызметкер, сонан соң бөлім меңгерушісі болдым. 1953 жылдың қазанынан 1954 жылдың тамызына дейін сол газеттің жауапты хатшысы. 1954 жылдың қыркүйегінен 1955 жылдың қаңтарына дейін Қазақ радиосының бас редакторы (ол радионың ұжымының шағын кезі). 1955 жылдың қаңтарынан «Лениншіл жас» газетінің әдеби қызметкері. 1956-1958 жылдың қазанына дейін «Лениншіл жастың» бөлім меңгерушісі; 1958 жылдың қазанынан 1961 жылдың маусым айларында «Лениншіл жастың» жауапты хатшысы. 1961 жылдың маусым, 1965 жылдың



шілде айларында «Қазақстан пионері» газеті редакторы қызметтерін атқардым», - деп өзінің «Өзге емеспін, өзіммін» атты еңбегінде айтып кеткен.

10 жылға таяған баспасөз саласында жазу өнеріне әбден машықтанған азамат 1965 жылы Қазақ Ұлттық университетінен ұстаз болуға Тауман Амандосовтан шақырту алады. (1965 ж. шілде, 1966 ж. шілде – ассистент); (1966 тамыз-1972 тамыз – аға оқытушы); (1972-1990 қараша – доцент); (1990 қазан-1993 сәуір – профессор). Журналистиканың қара ошағы болған журналистика факультетінде Әбекеңнің ұстаздық жолы бастау алды. Өмірінің жарты ғасырға жуығын шәкірт тәрбиелеп, бойындағы білімін өзгеге үйретуді жөн санаған атамыз өте білікті және біліміне сөйлеген сөзі сай азамат болған. Ұлағатты ұстаз, шәкіртіне төртінші биліктің құдіреті мен болмысын тәлімдеумен қатар 1972 жылы тарих ғылымдарының кандидаты атанды.

Әбілфайыз Ыдырысұлы ғасырлық ғұмырын дәл осы мамандыққа арнағанына ризашылық етті. Алланың жазған дәл осы жолына шүкіршілік жасады. Себебі, егер ағамыз математик болғанда, халық жайын, мұң-мұқтажын, баспасөз халін кім асқақтатар еді? Кім атақты журналистердің самғап ұшып, қанат жаюына ылпал жасайтын еді? Міне, сараланып, оюмен өрнектелген асыл тұлғаның өмірлік жолы бір құдіретті алланың пендесінің маңдайына жазған бағы болар бәлкім. Қаламгер журналистің айтуынша еңбегінің жемісі болар алған грамоталары мен жүлделеріне есеп жоқ. «Қазақстан жазушылар одағының мүшесі», «Қазақстан Республикасының мәдениетіне еңбек сіңірген қызметкері», «Еңбек ардагері» және т.б. атап айтарлық марапаттары мен жүлделері жетерлік. Мұның барлығы еліне қылған еңбегінің жеңісі мен жемісі.

Қазақстанның медиа саласындағы жетістігі мол журналистердің барлығы дерлік Әбілфайыз Ыдырысұлының алдында шәкірт болып, қаламгер мықты журналистің білім жолында жиғаны мен бар білген түйгенін санасына сіңіріп өркендеген. Ғұмырының көп бөлігін студенттерінің жүйелі түрде дамуына арнаған ағамыздың сөзі мен ісі құр болмады. Бүгінде шәкірттерінің алды елдің сөзін сөйлер мықты журналист. Тіпті, ұстазының жолын жалғап білім ошағында дәріс беретін мамандар да бар. Біраз азаматтардың айтқанынан ой туындататын болсам, ҚазҰУ-да атағы дүркіреп тұрған кезеңде ағамыз кісілігін көрсетіп, біраз студенттерге көмек қолын созып оқу жолында үлгі болған адам. *«ҚазГУ-ге үшінші рет келдім. Әбілфайыз ағамды тауып алдым. «Биыл қалайда түсесің» деді. Білдей бір деканның орынбасары айтып тұрған соң, қалай сенбейсің, сендім. Ағай уәдесінде тұрды. Сөйтіп өзім армандаған оқуға үшінші рет келіп түстім. Әрине бірінші – Құдай, екінші – Әбекеңнің арқасында. Кейін де ол кісінің көмегін көп көрдім»,* - деген Ермахан Шайқыұлының ұстазы жайында жазған мақаласынан. Қазіргі қоғамда осындай ашық жарқын, өзгенің қамын ойлай білген бірегей азаматтарымыз жоқтың қасы. Өмірінің соңына дейін ғылыми мақалалар, оқуға арналған әдістемелік құралдар жазып артынан журналист мамандарға көмек болар мәңгілік өшпес мұра қалдырды.

Публицистика шебері оқытушылық жұмыс жасап жүрсе де, газет ісіне әр уақытта өзгеше көзбен қарап ыстық санады. Басында айтып кеткендей баспасөз ісіне терең бойлаған атамыз кейініректе де еңбек жолы басталған жанрды ұмытпады. Газетті безендіру, полиграфия ісін, мақалаларды өңдеу редакциялау шеберлігі жайында әдістемелік құралдар жасап, өзгемен бар білгенімен бөлісе білген. Безендіру ісінің тәсілдерін редакциялық техникасы, суреттік көркемдеу әдістері мен газет номерінің архитектурасы және макеттеудің түрлерін зерттеп, өзгерістерге жол ашқан. «Газетті безендіру сыры» атты сабақтан дәріс оқыған.

Ізін жалғар ұл қыздары әкесінің жақсы жақтарын бойына жинап, мемлекетке пайдасы тиер лауазымды кісілер болып отыр. Жанымыздан өзі кеткенімен, жадымыздан ешқашан жоғалмайтын сара жол салды.

Әбілфайыз Ыдырысов тек еңбек жолында ғана емес тіпті, махаббат жолында да сүйіспеншілікке бөленді. Өзгелердің көз алдында құдай қосқан қосағымен махаббат символы болды. Төлеген мен Қыз Жібектің қазіргі бейнесі іспетті, талайлардың үлгі тұтар жұбына айналды. Талай қыздың арасынан өз жанының бөлшегі көріп, Таңым деп сүйіп қосылды. Ол кісінің жарына деген сүйіспеншілігі мен сыйласымы шынымен де екеуінің махаббат жолын оқыған жанды елжіретпей тұрмайды екен. Жазған еңбегінен жарының Әбекеңе арқа сүйер аяулы жары болып, өз ғұмырын арнағанын қандай шеберлікпен жеткізді. Сөздің өзімен ақ жүректегі сезімінің деңгейінен сыр шертті. Осыған қарап ақындық өнердің керемет екенін білуге болады. Сүйгенінен үлбіреген әдемі қызды да, ержүрек ұлды да сүйді. Балалары олардың махаббат ағашынан бүршік жарған көркем жемісі дер едім. Түлеп ұшқан студенттерінің өзі қос ғашық жайлы жақсы естеліктермен бөліседі. Жиналған басқосуларда Төлеген мен Қыз Жібектің образын нақ келтіретін еді дейді. Қарап тұрсақ, әр мықты ердің артында әйелі тұрады дейді ғой. Заря апамыз Әбілфайыз атамыздың барлық бастауларына сенім білдіріп, жігер беріп, мерей, беделінің артуына бар күшін жұмсаған. Жаманын жасырып, жақсысын асырған апамыз өр тұлғаның қалыптасуына себепкер болған бірегей жан. «Таңшолпан» атты еңбегін өзгелерге үлгі болып, махаббат және ғашықтық жайынан тәжірибе алсын, кей сөздерінен үлгі өнеге ретінде ғибрат алсын деп жазған. Әйеліне деген ризашылығын, кіршіксіз мөлдір сезімін осы кітап арқылы баяндаған.

«Ол маған бар асылын сыйлады. Керемет сұлулығын қиды. Ғажап әнін тәрк етті. Өз ғұмырын арнады. Отбасыма алтын босаға болып бекіді. Бақыттың, барлықтың қазынасы боп кірді. Ризығымның, молдығымның байлығын тасытты. Мақтан тұтар ұл, көзге көрік қыз әкелді дүниеге», - деген сөздерінен ақ шынайы махаббаттың, ынтық сезімнің оты лапылдап тұрған іспетті. Барша қыздар қауымына Әбекеңнің Таңына деген сезіміндей, құрметіндей бақыт нәсіп етсін.

Қорытындылай келе, мұндай нар тұлғалар елінің ертеңін қалыптастыратын биік жандар. 89 жылдық өмірінде Әбілфайыз біз кітаптарын оқитын белгілі журналистерден дәріс алып тіпті, әріптес те бола білген. Әрине мен бұл кісінің дәрісін тыңдамақ түгілі тірі шағында бет жүзінде көрмедім. Бірақ өмірі мен еңбек жолын шолу барысында шынымен де өнегелі өмірдің иесі екеніне көзім жетті. Балалық кезі, Алланың қалауымен журфакқа келуі, газеттің, мақаланың тұңғиығына терең бойлауы, ұстаз болып бар білгенін халқының ұл-қыздарына үйреткені, әйелі екеуінің таза іңкәр сезімі, өзіндік бойындағы ерекше қасиеттерді балаларының бойына дарытуы үлкен жауапкершілік және бекер кетпеген уақыттың болмысы. Сырқаттанған шағында да кітаптар жазып, бос уақытын пайдалы іске жұмсай білген. Журналистика атты сара жолдың басынан соңына дейін шалынбастан барып, қолынан келген бар ізгілігін өзгеге дәріптеген үлгі тұтар азамат. Журналистиканың жарқын болашағы үшін қызмет еткен жандардың ізін жалғасақ, біріншіден осындай азаматтардың еңбек жолына, айтқан ақылына назар салып, жүгінгеніміз жөн болады.

Гүлнұр БАЙМҰХАН

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАҚСЫ ҚАРТАЮ ДЕГЕН НЕ?

Біз қарттыққа дайынбыз ба? Қарттық деген физиологиялық жағынан да, психологиялық жағынан да, моральдық бейнең де, сырт көрінісің де, түр-тұлғаң да өзгеретін кезең ғой. Қарттыққа да дайындық керек қой деймін. Осы орайда Злиха Тамшыбаева апамыздың бір сөзі түсіп кетеді есіме. Ол кісі бір емен-жарқын сөйлескенде айтып еді.

–Мен қартыққа қашан дайындалдым? Зейнетке шықсам да, жұмыстан қалмадым. Бірақ ойладым, менің орныма адам келеді, шаруашылықты ары қарай алып, басқара береді. Өмірдің заңы солай. Ал мен не істеймін сонда? Үйге қалай сиямын? Қой, қарттыққа дайындалайын – деп ойлап, ермек болсын, әрі пайдасы бар дедім де жүн-жұрқа, жіп иіретін ұршық, тоқитын біздер, жіпшулан жинай бастадым. Бірақ ол маған бұйырмаған екен, шаруашылықты ары қарай алып жүру менің маңдайыма жазылыпты, отырмын, міне, өз орнымда! – деп күліп, ой бөліскені есімде.

Қарттық деген асу - беделді асу сияқты. Сөзің де, өзің де, жүріс-тұрысың да өзгеретін сыйлы уақыт. Ал біз сол өмір асуында өзімізді қалай ұстаймыз?

Қарт кездегі саяхат және «Тәте мен Апа»

Бір дастарқан иесінің зейнетке шығуына арналды. Сөз сөйлегендер «Жақсы қартай, өзіміз шетелге шығып жүрміз. Басқа елдердің 70-80-дегі шалдары саяхат құрып, джинси, шляпаларын киіп, боянып-таранып жүреді», – деп біздің мыж-мыж болған қарттарымызға реніш білдірді.

Басыма орамалымды тағып, үстіме камзол, ұзындау көйлек киген маған бір жеңгеміз «жасыңа жетпей қартайыпсың ғой» - дегенін естігелі әлгіндей құлаққағыстар маған түрпідей тиіетін болды...

Аурухана медбикелері «тәте, тәте деп иіліп жүр, «қарағым, қайдағы тәте, мені «апа» де! – десем: «Ойбай, сіз сияқты біреуге «апа» десек, ұрсып-ұрсып тастайды» - дейді. Өзіміз апа-әже болғанға мәзбіз. Аллаға шүкір.

Әрине, қаражатың, мүмкіндігің жетсе ел танып, жер көргенге не жетсін! Шыдас беретін денсаулық та керек. Алыс жаққа шығайын десең, «өлім бар да қаза бар», бөтен жұрттан сүйегінді жеткізе алмай жатса, балаларыңа обал емес пе?», - деген күдік те тұрады. «Ойбай, жаман сөз айтпа, тек жақсы сөйле!» - дейді. Қарағымау, менің не жаман, не жақсы сөйлеуімнің Алла пешенеме жазып қойған тағдырыма не қатысы бар? Әрбір адам өлім дәмін татады. Әлем деп ойлау жылап отыруға жатпаса керек. «Артыма не қалдырып барам? Нені орындамадым? Қарызымды өтеп үлгермесем, балаларыма айтып қояйын. Пәленнен кешірім сұрайын...» дегендей ойларға жетелеу керек. Өлгісі кеп жүрген ешкім жоқ. Қанша мемлекетті араласа да, Мекке-Мединеге беттей алмай қанша адам жүр. Адам таңғаларлық туризм – Қағба жақта. Бірақ

Алланың өзі шақырады дейді ғой. Дүниеде қорықпай баратын жерлер – Мекке мен Медина. Сен жазатайым дәмің таусылып көз жұмсаң, «сүйекті алып кет немесе жер сатып ал» демейтін мемлекет. Жаратушымыздың кеңшілігі осында.

Өзім қажылыққа кетерде аяқ асты ауырдым, бірақ тәуекелге бел будым. «Қойсаңыз қайтеді?..» деген балама: «Арманымнан бас тартпайын. Қиналмаңдар. Олай-бұлай боп кетсем, «Анам Алланың не пайғамбардың (с.ғ.с) мекенінде жатыр», - деп мақтанарсыңдар. Күндердің бір күні іздеп барарсыңдар. Соның өзі бір парызыңды өтегенің болмақ», - дегенім бар.

Бірақ мейманқос Алла тауаптарымды жасауға, тіпті марқұм күйеуіме, екі анама умра қажылығын өтеп, аман қайтуыма қуат берді.

Халал тойдағы қарттар

Бірді айтып, бірге кеттім. «Жақсы қартайып» жатқандар 70-тен асып, 80-ге беттесе де, шөлмектен ажырар емес. Қазір «халал той» аталып жатқан жерлерге шекесі тырысып, «көпсінгені осы ма?» дегендей сырттан бірер - шөлмекті сатып әкеп, шәйнекке құйып қызара бөртеді. Кемпір жалаңбас, бұтта шалбар, омырауын ашып қана қоймай, төс сызықтарын жарқыратып қояды. Биледі деген осы деп әйда кеп қисаңдайды. Билеп болған соң ортада шпагатқа отырып жатқан апаларға не дерсің?..

Менің де «жақсы қартайған» құрдастарыма асаба әй, «тәте» -десе, мен «жаман қартайдым-ау» деймін, маған «апооу, жаным апам-ау» - деп, құлағы естіме екен, көзі көрер ме екен - деп мүсіркеп жатады. Қасыма келсе, айғайлап сөйлейді. Амалсыз күлемін.

...Қызыма құдалар кеп, өліп-өшіп, барымызды салып күтіп жатырмыз. Дастарқанымда бір мін жоқ, тіпті уылдырық та қойды біздің келін. Бірақ ащы су қоймаймын дедім. Бала-шаға, туыс наразы.

Сайдың тасындай өңшең әдемі киінген, тура парламент жақтан шыққандай құдаларды күтіп алдық. Ән де, сөз де кетіп жатыр. Асабам да қиналып жүр. «Әттең, бақыттың бал шарабын алып қой!» дегенге не жетсін! «Алдарыңыздағы қымызды алып қойыңыздар!» дейді де күледі.

Бас құда сөйледі. Әп-әжептәуір келе жатты да: «Осындай бір «сухой» тойда біреу айтыпты: «Әй, айналайындар-ау, жыланның да басына ақ құйып шығарады, жылан құрлы болмадық па?» - депті» дегенде менің ұлым, бауырым т.б намыстан жарылып кете жаздап, залдан атып шықты. Ол кісіге айтатын уәжімді айтуға арландым. Жыланның басына құятын «ақ» ол ақ арақ емес, – айран-сүт. Ал қымыз бен шұбатты сонау Қошмамбеттен алдырып отырмыз. Ол кісі маған жылан боп емес, құдам боп кеп отыр.

Салғыласып отыратын жер емес: «Менімен құда болған өздеріңізден көріңіздер» деп әзілдедім де қойдым. Осы да «жақсы қартайып тұрған» кісінің сөзі ме? Құдайға шүкір, қазір жұрт ақсыз-қызылсыз, одан да қымбат қымыз, шұбатпен келіскен тойлар өткізуде. Кедейдің тойы да байдікіндей.

Қаралы жиындағы қарттар

Небір үлкендер торқалы тойда, топырақты өлімде сөз сөйлейді. «Марқұм» деген сөзге өкпелеген адамды да көрдім. Әлгі сөз сөйлеуші қайтсем өзімді көрсетемін деп «мен баяғыда пәлен жерде бастық боп тұрғанда, пәленшекең қарамағымда бөлім меңгерушісі болып еді. Жасыратыны жоқ, бірге іштік, жедік. Қызға да бардық»... деп, «қайтсем құранның құдіретіне жолықтырып, біліп-білмей істеген күнәларын жеңілдетем» деген қаралы туыстарының еңбегін еш кетіреді, айыбын ашады. «Аллаға да жақсы адам керек» дейтінін қайтерсің? Алла ешкімге мұқтаж емес. Бір құдаша сөйледі. «О-ой құдағи екеуміз отырып-ап сырласатынбыз. Менің сіңлімді бірге жамандайтынбыз»...

«Айналайын, сөйлей білмесең, қоя қоймайсың ба?» - дейін десең, о бейшарада да амал жоқ, астың асабасы: «ал енді пәлен жерден келген құрдасы не дер екен? Құдашасына сөз берейік» деп, «қаралы конференцияны» жүргізіп тұрады. Жақсы қартайған жанның сөзі де, пішіні де жақсы, ұлттың анасы, атасы осындай дегенге лайық болса, кәне? Екі ауыз сөзін «можно я по-русски буду говорить?» деп алып, акценті де, екпін-секпіні де құлағыңа түркідей тиіп жатады. «Иманы саламат болсын!» дегенді жаттап алса қайтеді? «Жақсы қартайғандар», әсіресе, бақуаттылар, телефонын жаңа көргендей шұқшиып, тик-токқа түсіп, ішкен-жегендерін мақтан етеді. Бірақ 10000 беретін жерге 5000 беріп, қайтарда столды «тазалап», толы пакет арқалап кетеді...

Кітап та, намаз да оқымаймыз, тілек те айта білмейміз

Біздің кітап оқитын кезде оқуға мүмкіндігіміз болмаған әдебиеттерді құшақтап жататын кезіміз осы қарттық кез емес пе? Бос уақыт бар ғой. Оқымаймыз.

«Намаз оқысаңшы» дегендерге - «кейін, қартайғанда оқимын» деген едік, енді «жас емеспін, сүре жаттай алмаймын» дегенге шықтық. Қойшы, қарттың иманын түгендейтін мен кіммін? Ана дүниеде кездессек «Мынау кезінде маған айтпады» дейді екен. Одан да қорқасың.

Жақсы қартайғандар, Алла Сізді жақсы көріп, осынша жас бергенін мойындайсыңдар ма? Аллаға не жазып едім, не үшін? дегенге үйірміз. Теңіз бетіндегі көбікке ұқсаған көп күнәміз бар екенін ұмытпауымыз керек. Осыны жазып отырғанда күнә жинамадым ба деп те зәрем ұшады.

Біздердің жасымызды сыйлап, аузымызды қақпай, тойларда үлкендерге микрофон ұсынады. Бәрінің 10-15 минут сөйлегенде айтатыны бір-ақ тілек – «Үбірлі-шүбірлі боп, құдай бақ берсін!» – дейді. Дұрыс қой, айтқаны келсін! Шіркін-ау, ойын жинақтап, дайындалып келсе, өнегелі мысалдар келтірсе қайтеді?! Ән салып, өлең оқып жатсаң, көбік сөздердің қажеті не?

Байқағаным, қарттыққа дайындалып келу керек екен. Ойланып барып, кемеліне келтіріп сөйлеуге үйрену керек екен. «Жақсы қартайған» жақсы жандарды теледидар да, әлеуметтік жүйелер, баспасөз насихаттап жатыр деп ойлаймын. Сонау Еуропадағы, Түркиядағы, Ресейдегі, Моңғол, Қытай ішіндегі т.б. елдердегі қазақтарға қараңызшы! Тілі де, діні де, киімі, дәстүр-салты да нағыз қазақ. Үлкені – үлкенше, кішісі – кішіше. Олай болса, қарттығымыз қадірлі болсын. Жақсы қартайыңыз!

Бағым апа
Талдықорған қаласы

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ШЕКТЕН АСПАУ МАҢЫЗДЫ

Жеке сот орындаушы – сот шешімі негізінде қарызды өндіріп алатын тұлға. Кейбіреулер үшін жеке сот орындаушының жұмысы борышкерлермен, қағаз бастылықпен, жанжалдар мен шағымдармен шексіз күрес болып табылады, кейбіреулер жеке сот орындаушыларды 90-шы жылдардағы қарызды қорқытып алатын бұзақылар сияқты көреді.

Тіпті ел арасында «Олар өзгенің мұнын түсініп қана қоймай, осы қайғыдан пайда тауып жүрген жандар», - деген ой да айтылмайды емес. Шынтуайтына келгенде, қазақстандықтардың басына түскен бұл қайғысына жеке сот орындаушылар кінәлі ме? Борышкерлердің бәрін сүттен ақ, судан таза деуге болады ма?

Жалпы жеке сот орындаушылардың іс-әрекетіне қатысты шағымдардың 80%-ға жуығы негізсіз болып табылады. Мұндай шағым жазғыштардың дені өз міндеттерін орындаудан жалтару үшін барын салатын, жеке сот орындаушылардан хабарлама алса да жауапкершіліктен жалтаруды жалғастыра беретін адамдардан түсетіні анықталған. Әрине жеке сот орындаушылардың барлығы бірдей заң талаптарын қатаң сақтайды деп айта алмаймыз. Біреулер сот актісін орындауды талап ету барысында «тым шектен шығып» кететін жағдайлар да кездеседі. Мұндай олқылықтарға жол бермес үшін жеке сот орындаушылар өз құқықтары мен міндеттерін естен шығармаулары керек.

Ең бастысы: жеке сот орындаушылардың қызметі «Атқарушылық іс-жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» және «Жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Бұл екі құжатты мұқият зерделеу керек. Олқылықтардың басы осы заңдарды білмеуден басталады.

Жеке сот орындаушының міндеттерінің толық тізімі келесідей:

- Борышкердің мүлкіне тыйым салу, яғни бұл мүлікке, оның ішінде ақша мен бағалы қағаздарға билікке туге тыйым салу;
- Борышкердің банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарында орналасқан ақшасы мен мүлкіне тыйым салу;
- Борышкердің жылжымалы мүлкіне тыйым салу;
- Борышкердің жылжымайтын мүлкіне тыйым салу;
- Борышкерге белгілі бір іс-әрекеттер жасауға тыйым салу, оның ішінде заңды тұлға органдарына шешімдер қабылдауға тыйым салу, сондай-ақ заңды тұлғаның мүлкін, мүліктік және мүліктік емес құқықтарын, бағалы қағаздарын және жарғылық капиталындағы үлесін және мүлкін иеліктен шығару туралы қабылданған шешімдердің қолданылуын тоқтата тұру;
- Борышкерге өзіне тиесілі мүлікті, оның ішінде ақшаны пайдалануға тыйым салу немесе оны сот орындаушысы белгілеген шекте пайдалануды көрсету;
- Борышкердің мүлкін мөрлеу;
- Құқық белгілейтін құжаттарды алып қою;
- Басқа адамдардың борышкерге мүлікті, оның ішінде ақшаны беруге немесе оған қатысты өзге де әрекеттер жасауға тыйым салу.

Сонымен қатар, жеке сот орындаушы борышкердің Қазақстаннан тыс жерлерге шығуына тыйым салу туралы сотқа өтініш бере алады. Мұндай тыйым борышкерге мұндай шараның қолданылғаны туралы тиісінше хабардар етілген күннен бастап бес жұмыс күні өткен соң күшіне енеді және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жолданады. Жеке сот орындаушы шектеудің енгізілгені туралы сізді хабардар еткенін дәлелдей алуы маңызды. Шетелге шығуға тыйым салу Қазақстаннан тысқары жерде емделу қажет болған жағдайда тоқтатылуы мүмкін, ол үшін жеке сот орындаушы қаулы шығарады, ол да сотпен санкциялануы керек.

Мақсат САРЧУЛАКОВ,
Жетісу облысы бойынша
жеке сот орындаушы

Бейсенбі - Четверг, 6 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 Телехикая «Пәленшеевтер-2»
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «Умка»
09.30 Сериал «Комиссарша»
11.30 «Тамаша»
12.00 «Көзқарас»
12.30, 21.45 Телехикая «Келінжан-5»
13.15, 19.00 Телехикая «қара жәшік»
14.00, 20.00 Телехикая «Бахар»
16.00, 23.45 Сериал
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
22.45 Сериал «Перекресток»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00, 01.45 «П@утінА»
07.00, 19.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң. Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Жить здорово!»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 Сериал «Чего хотят женщины»
13.00 «Пусть говорят»
14.00, 01.15 «Новости»
14.15, 01.30 «Жаңалықтар»
14.30 Qoslike
18.30, 02.30 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.35 Х/Ф «Знахарь»
00.20 Ночной кинотеатр.
02.55 «Той базар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Қоштасқым келмейді»
09.50 Вечерние новости (повтор)
10.30 «Вскрытие покажет»
12.30 «Четвертая отрицательная», мелодрама.
14.30 «Сашка», мелодрама.
17.25 «Реальная мистика», реалити-шоу.
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат», ток-шоу.
21.00 Вечерние новости
21.40 «Четвертая отрицательная», мелодрама.
23.40 «Военная полиция», остросюжетный детектив
01.30 «Маруся», мелодрама
02.15 «Сашка», мелодрама.
03.05 «Қоштасқым келмейді»
05.20 «Астарлы ақиқат»
06.05 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Жетісу әуендері»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Шаңырақ»/ тікелей эфир
13.20 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Мақсатына жеткендер»
14.30 «Агро аймақ»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.15 Ауа райы, роликтер
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жетісу әуендері»
17.30 «Өзекжарды»
17.50 «Кешірілмес қате»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Шыңыраудан шыңға»
19.15 «Жетісу әуендері»
19.30 «Ащы да болса...»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Біз жанбасақ»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіп»
06.50 Информбюро (рус., каз.)
08.00 Мультсериал «Буба»
09.00 Мультсериал «Великий Человек-паук»
09.30 «Айдаһарлар шайқасы»
11.00 «Tik Tok show»
11.30 Сериал «Ольга»
12.30 Кино.
15.00 «Гринго»
17.05«Бандитки»
19.00 Сериал
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Кино.
23.00 «Аидаһарлар шайқасы» телехикаясы.
00.30 «31 әзіл»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 Time Vine
03.00 «Tik Tok show»
03.20 «What's up?»
04.00 «Әзіл студио»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.00 «What's up?»
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая
07.10 Q-елі
08.00, 18.20 Телехикая
09.10, 00.30 Жаңалықтар
09.30.00.50 Новости
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 сериал «Бесценное время»
12.55, 22.40 сериал «Гюльчатай»
15.00 сериал «В плену у прошлого»
17.00 Телехикая «Сезім үшін»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
01.20 Телехикая
02.10 Жайдарман
03.10 «Алло, бұл кім?»
03.40 «Жеңіп көр»
04.40 «Қуырдақ»
05.50 Үзіліс

Жұма - Пятница, 7 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 «Пәленшеевтер-2»
07.00 «Оян!»
09.00 «Умка»
09.30 «Комиссарша»
11.30 «Neocеть»
11.50 «Fact check»
11.55 «Бір кітап»
12.00 «Дәстүр»
12.45,21.45 «Келінжан-5»
13.25,19.00 «Қара жәшік»
14.00,20.00 «Бахар»
16.00,23.45 «Презумпция невиновности»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
22.45 «Перекресток»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00,02.15 «П@утина»
07.00,19.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң,Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро,Казахстан!»
10.05 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся»
11.50 «Чего хотят женщины»
13.00 «Пусть говорят»
14.00,01.50 «Новости»
14.15,02.00 «Жаңалықтар»
14.30,03.00 «Qoslike» бағдарламасы
18.30,03.00 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент онлайн»
20.50 «Поле чудес»
22.05 «Приговор идеальной пары»
03.30 «Той базар»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Қоштасқым келмейді»
09.50 «Вечерние новости»
10.30 «Вскрытие покажет»
12.30 «Четвертая отрицательная»
14.30 «Сашка»
17.30 «Реальная мистика»
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «Дау-дамайсыз»
21.00 Вечерние Новости
21.40 «Я научу тебя мечтать»
01.30 «Маруся»
02.15 «Сашка»
03.00 «Қоштасқым келмейді»
05.20 «Дау-дамайсыз»
06.05 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Біз жанбасақ»
11.40 «Әсем әуен»
12.00 «19 регион»
12.30 «Әсем әуен»
13.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Шыңыраудан шыңға»
14.15 «Жетісу әуендері»
14.30 «Ащы да болса...»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.45 «Шіркін-ай»
18.00 «Айтыс»
18.15 «Жетісу әуендері»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Қарындас»
19.30 «Абадан»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Менің балалық шағым»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 «Әзіл студио»
06.30 «31 әзіл»
06.50 «Информбюро»
08.00 «Буба»
09.00 «Великий человек паук»
09.30 «Айдаһарлар шайқасы»
11.00 «Тик ток»шоу
11.20 «Ольга»
12.20 «Бандитки»
14.20 «Три икса»
17.00 «Между небом и землой»
19.00 «Ольга»
20.00 Информбюро
21.00 «Обитель зла-3»
22.50 «Айдаһарлар шайқасы»
00.20 «31 әзіл»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Тайм вайн»
03.00 «Тик ток»шоу
03.20 What 's up?
04.00 «Әзіл студио»
04.20 1001 Әзіл
04.30 «BALA BATLLE»
05.00 What 's up?
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00,05.45 Әнұран
06.02 «Бастық боламын»
07.10, 03.35 «Q-елі»
08.00,18.20 «Абысындар-2»
09.10,01.30 Жаңалықтар
09.30,01.50 Новости
10.00,20.00 «Великолепный век. Хюррем»
11.00,21.00 «Бесценное время»
12.55,22.40 «Гюльчатай»
15.00 «Любовь и голуби»
17.00 «Сезім үшін»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
00.30 «Динара Сатжан»
02.20 «Няня Man»
02.45 Алло бұл кім?
03.55 Жеңіп көр
05.05 «Қуырдақ»
05.50 Үзіліс

Сенбі - Суббота, 8 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Jeti Qazyna»
07.00 «Сіздер үшін арулар»
09.30 «Культурный контекст»
10.00 «Белоснежка:месть гномов»
11.35 «Корги по имени Моко. Защитники планеты»
12.00,21,00 «Несносные люди»
14.00 «21 ғасыр көшбасшысы»
15.00 «Қызық таймс»
16.15,23.00 «Әкім әйел»
18.00 «7күн»
18.45 «Біздің назарда»
19.00 «Cover show»
20.00 Концерт к 8 марта с участием Президента

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.00 «Той Базар»
07.35,02.20 «П@утина»
09.00 «Qаймақ»
09.35 «Приговор идеальной пары»
13.30 «Любовь без памяти»
17.20 «Три аккорда»
19.00 «Koremiz»шоу
20.00 «Асау жаңалықтар»
20.30 «Заң мен ел»
20.55 «Словно не было разлуки»
00.50 «Семь ужинов»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 Мерекелік концерт
07.35 «Закира»
08.20 «Өнерлі отбасы»
09.40 Вечерние новости
10.20 «Я научу тебя мечтать»
14.10 «Реальная мистика»
17.55 «Гүл сыйлайық анаға»
21.00 «Жену вызывали»
00.50 «Маруся»
02.30 «Сашка»
03.15 «Сен үшін»
04.30 «Өнерлі отбасы»
06.05 «Мерекелік концерт»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Менің балалық шағым»
11.40 «Жетісу әуендері»
12.00 «Біздің өңір»
12.30 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 М/ф «Оқсыз оқиға»
14.30 «Абадан»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 «Аман болайық»
15.45 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.35 «Тарихнама»
17.40 «Қазына»
18.00 «Ділмар»
18.40 «Келіп көр»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.40 «Менің анам»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 «Апта» (Жетісу облысы)
21.00 «Апта» (Алматы облысы)
21.30 «Апта» (Область Жетысу)
22.00 «Апта» (Алматинская область)
22.35 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Time Vine»
07.30 «TIK TOK show»
08.00 «Буба»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Өнер қырандары»
13.30 «Ұялам, но үй алам»
15.40 «Три богатыря и Морской царь»
17.20 «Ледниковый период-2»
19.10 «Малефисента»
21.00 «Железный человек-3»
23.40 «Три икса-2»
01.20 «Bizdin show»
03.00 «Time Vine»
03.20 «31 әзіл »
04.20 Тик ток шоу
04.40 «Әзіл студио»
05.00 «1001 әзіл»
05.10 BALA BATTLE
05.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.02 «Бастық боламын»
07.00 Q-елі
07.50 «Абысындар-2»
09.00 ЮМОР!ЮМОР!ЮМОР!
10.00 «Великолепный век. Хюррем»
12.20,21.00 «Бесценное время»
14.00 «Дискотека 80-х»
15.50 «Служебный роман»
18.30 «Пейіш»
22.40 «Операция Ы и другие приключения Шурика»
00.30 «Әйгерім Сейфолла»
01.30 «Няня man»
02.20 Жайдарман
03.50 «Жеңіп көр»
04.50 «Қуырдақ»
05.52 «Үзіліс»

Жексенбі - Воскресенье, 9 наурыз

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Jeti Qazyna»
07.00 «Жан анам»концерт
09.00 «Белоснежка:месть гномов»
10.30 «Балерина»
12.00,21.00 «Лемони сникет и 33 несчастья»
14.00 «Мейрамбек Бесбаевпен»
15.30 «ОйнаIQ»
16.15,23.00 «Дубай любой ценой»
18.00 «7 күн»
18.45 «Народный контроль»
19.00 «Алғашқы»
20.00 «Қызық таймс»
00.30 «Әке бақыты»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.05 «Той базар»
07.35,02.20 «Паутина»
09.05 «Воскресные беседы»
09.20 «Повара на колесах»
10.05 «Словно не было разлуки»
14.15 «Только не отпускай меня»
18.10 «Не говорите мне о нем»
20.00 «Аналитика»
20.45 «Завтрак в постель»
00.40 «Фантастика»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «Мерекелік концерт»
07.15 «Гүл сыйлайық анаға»
09.30 «Жену вызывали»
13.30 «Өмір сынақ»
17.00 «Қазақ аруы»
20.00 «Кел,шырқайық!»
21.00 «По тонкому льду»
01.00 «Маруся»
02.30 «Қоштасқым келмейді»
03.50 «Кел шырқайық!»
04.45 «Қазақ аруы»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 «Апта» (Жетісу облысы)
09.30 «Апта» (Алматы облысы)
10.00 «Апта» (Область Жетысу)
10.30 «Апта» (Алматинская область)
11.00 «Домбыра»
11.40 «Менің анам»
12.00 «Ділмар»
12.45 «Шашу»
13.30 «Келіп көр»
13.45 «Ұлт ұяты»
14.25 «Мақсатына жеткендер»
15.00 «Шаңырақ»
15.55 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.35 «Тарихнама»
17.40 «Бақыт би»
18.00 «Единый народ»
18.30 «Абадан»
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Өзекжарды»
19.30 «Арнайы репортаж»
19.50 «Тарихнама»
20.00 «Тағдырым, саған ризамын!» / Сұлушаш Нұрмағанбетованың ән кеші
21.45 «Әсем әуен»
22.00 «Шіркін-ай»
23.05 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 «Әзіл студио»
07.00 «Time Vine»
07.30 «TIK TOK show»
08.00 «Буба»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Телебинго»
10.25 «Три богатыря и Морской царь»
12.10 «Ледниковый период-2»
14.10 «Ледниковый период-3»
16.10 «Малефисента»
18.10 «Малефисента.Владычица тьмы»
20.20 «Ангелы Чарли»
22.30 «Интуиция»
00.20 «Обитель зла-3»
02.00 «31 әзіл»
02.50 «Тик ток» шоу
03.20 Тайм вайн
03.50 1001 әзіл
04.00 BALA BATTLE
04.30 What's up?
05.00 «Әзіл студио»
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00,05.50 Әнұран
06.02 «Q-елі»
07.00 «Абысындар-2»
07.40 «Дискотека 80-х»
10.00 «Великолепный век. Хюррем»
12.30,21.00 «Бесценное время»
14.20 «Пейіш»
17.10 «Операция Ы и другие приключения Шурика»
19.10 «Кавказская пленница,или новые приключения Шурика»
22.40 «Рамео+Джульетта»
00.50 Әзіл әлемі
02.00 «Няня Man»
00.30 «Әзіл әлемі»
02.50 Жайдарман
03.40 «Жеңіп көр»
04.50 «Қуырдақ»
05.52 «Үзіліс»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

«ЕҢБЕКПЕН ЕР АТАНҒАН»

в области Жетісу стартовал передвижной караван

КАРАВАН «ЕҢБЕКПЕН ЕР АТАНҒАН», ОРГАНИЗОВАННОГО ОБЛАСТНЫМ УПРАВЛЕНИЕМ КУЛЬТУРЫ, АРХИВОВ И ДОКУМЕНТАЦИИ. В ПРОГРАММЕ КАРАВАНА БЫЛИ ОРГАНИЗОВАНЫ И ПРОВЕДЕНЫ КНИЖНЫЕ, МУЗЕЙНЫЕ И ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ВЫСТАВКИ, ПРОДВИГАЮЩИЕ ИДЕЮ ЦЕННОСТИ ТРУДА. ДО СЕГОДНЯШНЕГО ДНЯ КАРАВАН ПОБЫВАЛ УЖЕ В ЕСКЕЛЬДИНСКОМ И КОКСУСКОМ РАЙОНАХ РЕГИОНА, - СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АКИМА ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ.

Культурно-просветительский проект продлится почти месяц, то есть до 21 февраля. Караван охватит все районы и города области. Планируется, что по итогам будет организована конференция и издан журнал, посвященный людям труда.

В рамках работы передвижного каравана в домах культуры сел Карабулак и Балпык би областной центральной библиотекой им.Сейфуллина были организованы книжные выставки «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс». На выставках были представлены книги «Нурмолда Алдабергенов», «Нар тұлға» Куттыбека Баяндина, посвященные Герою Социалистического Труда Зылихе Тамшыбаевой книги «Жұлдыз Жетісу», «Жер туралы жыр», а также книги Никиты Головацкого «Человек на земле», «День, равный году», в которых он поделился своей историей и трудовым опытом. Кроме того, были представлены книги о сельском хозяйстве, земледелии, технологиях выращивания сахарной свеклы, кукурузы, картофеля, плодоовощной продукции, а также справочники и профориентационные материалы по различным рабочим специальностям, таким как тракторист, комбайнер, водитель, сварщик, сантехник, повар и др. Также на данной выставке были размещены художественные произведения, раскрывающие образ человека труда в литературе.

Также была организована и выставка картин из фондов Галереи изобразительного искусства г.Талдыкорган, где были представлены работы художников Ж. Мусапира, Ж. Сейтхамита, К. Оразгалиева, М. Абдреева, Н.Жошыбаева и других. Также были представлены фотографии Героев Социалистического Труда З. Тамшыбаевой, Д.Конаева, Н.Алдабергенова, Н.Головацкого, Б. Татеновой, А. Зайнаудиновой, М. Алимбаевой, К. Айтжановой, Ж. Молдасанова, внесших большой вклад в социально-экономическое развитие страны, а также экспонаты из различных музеев региона. Мероприятия завершились концертной программой областной филармонии им. Д. Ракишева.

Культурно-просветительские мероприятия посетили ветераны, учителя, школьники и жители региона в целом.

- Этот год объявлен Президентом «Годом рабочих профессий». Главная цель – привлечь внимание общественности, молодежи к рабочим профессиям. Конечно, проблему дефицита рабочих кадров не решить за один год, но начало положено. Очень важно проводить широкую разъяснительную работу о преимуществах, потребностях рынка труда в рабочих профессиях и ценности труда в целом. В этом ключе пользу приносят и подобные культурному каравану мероприятия. Такие меры особенно необходимы для молодежи, - сказал Почетный гражданин области Жетісу Наурыз Кылышбаев.

Как отмечают организаторы, главная цель каравана культуры «Еңбекпен ер атанған» заключается в популяризации достижений трудящихся, повышении их роли в обществе, в том числе через литературные и художественные произведения, что в целом направлено на патриотическое воспитание молодежи путем привития уважения к труду, а также возрождение и сохранение трудовых традиций региона, знакомство с историей и современными возможностями рабочих профессий.

Фотограф: Дмитрий Ерофеев

2025 ГОД ОБЪЯВЛЕН ГОДОМ РАБОЧИХ ПРОФЕССИЙ

Отрасль, давно нуждающаяся в изменении и реформах, наконец, получит импульс к развитию.

Глава государства, выступая с ежегодным Посланием народу Казахстана, указал на необходимость развития профессионального образования и систематизации рынка труда для стимулирования рабочих специалистов.

- Реформа профессионального образования становится абсолютно важной с точки зрения обеспечения роста экономики и ее инвестиционной привлекательности. Объявляю 2025 год Годом рабочих профессий. За это время предстоит осуществить реформу системы технического и профессионального образования. Год рабочих профессий будет также содействовать продвижению в нашем обществе идеи трудолюбия и профессионализма, – сказал он.

Каких рабочих не хватает

Сейчас в стране нехватка рабочих специалистов, и по словам экспертов, эта тенденция сохранится и дальше. До 2030 года отрасль может нуждаться в 410 тысячах человек.

Среди них:

- водители транспорта: грузовика и такси - 88,1 тыс.; сварщики - 18 тыс.;
- строители-отделочники и художники – 13,4 тыс.; сантехники - 13,2 тыс.;
- рабочие-фермеры и производители комбинированной продукции - 12,4 тыс.;
- штукатуры - 11,2 тыс.; трактористы - 11 тыс.;
- строители-монтажники, связанные с ними рабочие - 9,2 тыс.;
- слесари промышленного оборудования - 8,2 тыс.

Иранская модель

Депутат Мажилиса Ерболат Саурыков считает, что при подготовке рабочих специалистов нужно разделить систему образования на три сектора: теоретический, практический, производственный. Хотя первые два используются в учебной практике колледжей, последний – остается незамеченным.

- 5-6 лет назад я был в Иране. Ознакомился с работой энергетического колледжа в Тегеране. Я заметил, что их модель образования отличается от нашей. У них колледж не 3-4 этажное учебное заведение, а производственное предприятие. Образовательное учреждение делится на 3 части. В середине - аудитория для обучения теории, во второй части - производственный склад, в третьей – производственный цех. Студенты учатся и работают здесь. На заработанные деньги оплачивают свое обучение, и еще остаётся на карманные расходы. Также разделен срок обучения. Например, студент, который отучился 6 месяцев, является рабочим специалистом, отучился 1 год - профессионал, 1 год 8 месяцев - выпускник, который может выполнять сложную задачу и работать на руководящих должностях, - сказал он.

Но внедрение подобной модели требует времени. Имеет место и проблема конкуренции выпускников колледжей на рынке труда с выпускниками вузов, которым, как правило, работодатели отдают большее предпочтение. Кроме того, руководство колледжей зачастую не показывает реальное положение вещей.

- Если посмотреть статистику о выпускниках, которую предлагают колледжи, около 90 процентов трудоустроены. Однако здесь алгоритм сбора данных и формирования не правильный. Например, предположим, что из 10 студентов, окончивших колледж, шесть поступили в ВУЗ, двое устроились на работу. В статистике руководство колледжа дает понять, что трудоустроены 8 человек. Поэтому нужно правильно выстроить процесс сбора данных, - сказал депутат.

Эксперты и вовсе рекомендуют сначала принять во внимание то, что многие поступают в колледжи не по своей инициативе, а потому что не смогли набрать нужное количество баллов для поступления в вуз.

Статус рабочего

Статус рабочего специалиста также будет повышен. В частности, речь идет о трудовых правах рабочих профессий и продвижении принципа достойного труда. Кроме того, возможно внедрение механизма декларирования трудовых отношений, а также открытие консультационных центров.

По словам депутата Мажилиса Асхата Аймагамбетова, для повышения престижа рабочих профессий достаточно повысить размер заработной платы.

- Чтобы любая профессия вызывала интерес со стороны молодежи, нужно, прежде всего, повысить зарплату. Летом этого года, находясь в регионах, мы увидели, что в стране не хватает таких необходимых специалистов, как сварщик, машинист крана, работник водного пути, слесарь. Потому что у них маленькие зарплаты. Нормативно-правовая база, принятая Парламентом сейчас, достаточна для работы в этом направлении. Есть законы, и теперь исполнительные органы должны заниматься вопросами повышения заработной платы, о которых мы говорим, – объяснил он. План на Год рабочих профессий реализуется уже через несколько месяцев. Напомним, в стране также не хватает кадров в таких отраслях, как образование, медицина, строительство, обрабатывающая промышленность и транспорт.

Данагуль КАРБАЕВА
(Kazinform).

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

2024 жылдың қорытындысы бойынша отандастарымыздың инвестициялық кірісі зейнетақы жарналарының көлемінен асып түсіп, 3,4 трлн теңгеге жетті

2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен инвестициялық кіріс 3,4 трлн теңгеге жетті. Бұл шамамен 2,8 трлн теңге болатын зейнетақы жарналарының жалпы көлемінен асып түсті. 2024 жылғы инвестициялық кіріс өткен жылмен салыстырғанда өсім көрсетті: 1,8 трлн теңге немесе 114,5%.

Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен салымшылар мен алушыларға 3,3 трлн теңгеден астам инвестициялық кіріс түсті. Бұл шамамен 2,6 трлн теңге болатын осы жарналардың көлемінен артық.

2024 жылы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) бойынша инвестициялық кіріс 231,2 млрд теңгеден астам жарналар көлемінде 26,4 млрд теңгеден асты.

2024 жылы ҚРҰБ басқаруындағы МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен қалыптасқан БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі 17,84% болды, ал 2024 жылғы инфляция мөлшері 8,6% көрсетті. БЖЗҚ-ның ЖМЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің кірістілігі жыл қорытындысы бойынша - 17,96%.

